

**« ORLEU-TV.KZ »
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ
МЕН БІЛІМДІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ**

**«БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН
ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
КӘСІБИ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

*Республикалық ғылыми-практикалық
online конференция*

*Шығармашылық еңбектердің
іс-тәжірибелік жинағы*

Алматы, 2021

УДК 37.0
ББК 74.00
Ж 28

«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби даму мәселелері» Республикалық ғылыми-практикалық online конференция топтамасы. Шығармашылық еңбектердің іс-тәжірибелік жинағы/Редактор Нағиев. І. Б – Алматы, 2021. – 150 б.

ISBN 978-601-7954-46-8

Қазіргі таңда дүниежүзілік білім жүйесі деңгейіне сәйкес келетін, сапалы білім беруге жағдай жасайтын, үйлесімді дамытуға бағытталған білім беру көзделіп отыр. Білім мекемелерінде үш тілді оқыту жүйесі, бірыңғай мектеп формасы, 12 жылдық білім беру стандарттары тақырыптарын БАҚ беттерінде ұстаз, ата-ана арасында түсіндіріп, пікірлесу қазіргі заман талабы қажет ететін маңыздылығы бар.

"Ашықтық қағидаты" шеңберінде білім беру саласының барлық қызметкерлері үнемі құзыреттіліктері мен білімдерін жетілдіріп отырулары заманауи қажеттілік.

Іс-тәжірибелік жинақ қазіргі күнгі талаптарға сәйкес құрастырылған, енгізілген ақпараттар жеткілікті, теориялық және тәжірибелік мағынасы бар. Республика көлемінде таратуға ұсынылатын ұстаздардың көмекші құралы.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-7954-46-8

© « ORLEU-TV.KZ », 2021

**«БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӘСІБИ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
Республикалық ғылыми-практикалық online конференция**

Конференция мақсаты: Қазіргі таңда дүниежүзілік білім жүйесі деңгейіне сәйкес келетін, сапалы білім беруге жағдай жасайтын, үйлесімді дамытуға бағытталған білім беру көзделіп отыр. Білім мекемелерінде үш тілді оқыту жүйесі, бірыңғай мектеп формасы, 12 жылдық білім беру стандарттары тақырыптарын БАҚ беттерінде ұстаз, ата-ана арасында түсіндіріп, пікірлесу қазіргі заман талабы қажет ететін маңыздылығы бар. «Ашықтық қағидаты» шеңберінде білім беру саласының барлық қызметкерлері үнемі құзыреттіліктері мен білімдерін жетілдіріп отырулары заманауи қажеттілік.

Республикалық ғылыми-практикалық online конференция «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының аясында өткізілетін іс-шара болып өтеді. Ұстаздар бастамасымен әлеуметтік желі арқылы ұйымдастырылып, барлық ұйымдастырылу жұмыстары ұстаздардың қолдауымен жүзеге асырылады.

Ақпарат таралымы туралы:

Республикалық 45minut.kz газеті 2012 жылдан бері тұрақты шығып келе жатқан ұстаздарға арналған басылым. Басылым тиражы — 3000 дана. Интернет тиражы күнделікті 9000 қолданушы.

Республикалық «Білім жолы Нұрлы жол» журналы 2019 жылдан бастап шығатын ұстаздарға арналған ғылыми танымдық, ақпараттық журнал. Басылым тиражы — 5000 дана.

Ұстаздардың пәндік Whatsapp топтары. Пән атаулары бойынша құрылған топтар республика бойынша пән ұстаздарының өзара іс- тәжірибе алмасуы үшін ашылған. Топтарда тек қана пән бойынша тақырыптық пікір алмасу қатаң қадағаланады. Whatsapp топтардың жалпы саны — 30. Әрбір топта 250-257 тұрақты топ мүшелері тіркелген. Тіркелген жалпы ұстаздар саны — 7000-нан астам қолданушы.

Ұстаздардың Google, Facebook топтары. Топтар әлеуметтік желіге тіркелген ұстаздар арасында өзара пікірлесу және іс-тәжірибе алмасуы үшін құрылған. Жалпы қолданушылар саны – 50 000-нан астам оқырман.

Интернет басылымдар: 45minut.kz, Bilimnur.kz, Bilim-gylym.kz, Orley.kz, Methodist.kz

Жауапты: Редакция тілшісі Ахмет Еркін.

«МЕН ЖАҢАШЫЛ ПЕДАГОГПЫН»

КОЖАМЖАРОВА АҚШАБАК ЖУМАБЕКОВНА

*Қостанай облысы, Жангелді ауданы «Албарбөгет жалпы
білім беретін мектебі» КММ «Балапан» тобының тәрбиешісі*

Мен «Балапан» тобының тәрбиешісі Кожамжарова Акшабак Жумабековна 4 жылдан бері ауылдық жерде ұстаздық қызмет атқарып келемін. «Ұстаз болу жүректің батырлығы»- демекші, мұғалімдік қызметтің қыр-сырын түсініп, ұстаз деген ұлы тұлға, болашақ елдің тізгінін ұстар білімді де білгір шәкірт тәрбиелеу үшін тынбай еңбек ететін ерен тұлға екеніне көз жеткізіп келемін. Бүгінгі таңда талпынысқа толы ХХІ ғасыр талабына сай жаңашыл ұстаз болуға талпынып келемін. Алға үмітпен талпынған, жаңашылдыққа жаны құмар ұстаз ретінде уақыт пен ұрпақ арасында байланыс орнатып қана қоймай, заманауи көшіне ілесе отырып сабақтарымда АКТ құралдарын (компьютер, теледидар, ұялы телефон) сияқты көрнекіліктерді жиі қолданамын. Заман күннен күнге дамыған сайын, біз алдымызда тәрбиеленіп отырған шәкірттерімізге адамгершілік пен өз елін сүйетін ұлтжандылық қасиет қалыптастырып, оны бар асылындай қадірлей білетін, өткенін бағалап, болашағына зор сеніммен қарай білетін, қазіргі заманның талабына сай бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастырып, үйрете білуіміз керек.

Мұғалім білімді, шығармашылығы мол болса, сол мектептің заманына сай білімді болары анық. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі педагогика әдістемесінен хабардар, жақсы білім беретін мұғалім. Мұғалім сөзімен, ісімен, мәдинеттілігімен, білікті білімімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, балалармен тез тіл табысушылық қасиетімен, асқақ, өз кәсіби кадрленген ұстаз ғана педагогтың мәртебесін биік ұстай алады. Қазіргі қоғамға да керегі осындай ұстаздар. ХХІ ғасыр бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, заманауи ұстаздық қызметтің қыры мен сыры мол, сондықтан да ұстаздар өз ісінің әрбір тетігін жетік меңгеру, игеру жолында кәсіби шеберлікті толық меңгерсе, бүгінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын, жаңартатын мол мүмкіндік ашатыны сөзсіз.

Ел болашағы жақсы болсын десең, «ұстаздың жағдайын жаса» демекші, өз ісіне мол жауапкершілікпен қарайтын, заманауи ұстаздар ешқашанда білімнің туын төмен түсірмеуі тиіс. Ендеше, мен де әрдайым шәкірттеріммен бірге үйрене отырып, оларды тек қана алға жетелеймін.

Елбасымыз: «Біз білім-ғылым саласында бәсекеге қабілетті болмасақ, өз мақсатымызға жете алмаймыз. Барлығы мектептен, ал Қазақстан үшін ауыл мектебінен басталады», - деген болатын.

Мұғалімнің негізгі басты мақсаты - рухани бай, ізденімпаз, адамгершілігі мол адамды қалыптастыру болып табылады. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады.

Бүгінгі біліммен бәсекелес заманда балаларымыздың биіктен көрінуіне, күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін Шығыстың ғұлама ғалымы Әл-Фараби атамыздың сөзімен аяқтаймын. «Өмірдің ең бір қызығы, ол-тәлім-тәрбие беру».

ТАМЕНОВА БАХЫТЖАМАЛ БЕЙСЕМБАЙҚЫЗЫ

Бастауыш сынып мұғалімі- сарапшы мұғалім

Атырау облысы, Жылыой ауданы

№ 3 жалпы орта білім беретін мектеп

<p>Пән: дүниетану Сынып: 1 Күні: Сабақтың тақырыбы: Ауа райы дегеніміз не?</p>	<p>Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар: Қатыспағандар саны:</p>
<p>Ұзақ мерзімдегі оқу мақсаты</p>	<p>1.2.2.1 ауа-райының адамға және оның іс- әрекетіне әсерін анықтау 1.2.3.1.Жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау.</p>
<p>Сабақ мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Жыл мезгіліндерін біледі. Көпшілігі орындай алады: Ауа-райын жыл мезгілдерімен сәйкестендіреді. Кейбірі орындай алады: Ауа райының шартты белгілерін біліп,табиғатта бос уақытын тиімді қолданады.</p>
<p>Бағалау критерийлері</p>	<p>1. Жыл мезгілдерін ажыратады. 2. Ауа райының адамға тигізетінәсері туралы әңгімелейді 3. Жыл мезгілдеріне қатысты бос уақытты өткізу жолдарын атайды.</p>
<p>Тілдік мақсат</p>	<p>Оқушылар орындай алады: Ауа-райын жыл мезгілдерін сәйкестендіреді. Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Жыл мезгілдері,ауа райы Сыныптағы диалог/жазылым үшін сайкелетін тіл стилі: Өзің тұратын мененнің ауа райын сипатта Талқылауға арналған сұрақтар: Көкжиек тұстарын білу не үшін қажет? Адамдар әр жыл мезгілінде немен айналысады?</p>
<p>Құндылықтарды дарыту</p>	<p>4.Рухани жаңғыру: Заманауи Қазақстанда жасап жатқан адамдарға қоғамға таныту ақпараттық қолдау жасап,танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру</p>
<p>Денсаулық,техника қауіпсіздігінің сақталуы</p>	<p>Сынып бөлмесінде,сабақ барысында,сергіту сәтінде жеке бастың жалпы қауіпсіздігін қатаң сақтау.</p>
<p>Пәнаралық байланыстар</p>	<p>Жаратылыстану</p>

<i>АКТ қолданудағысы (сабақт ақолданылатын болса көрсетіңіз)</i>	<i>Слайд</i>	
<i>Алдыңғы меңгерілген білім</i>	<i>Әріптерді таниды</i>	
Сабақ барысы		
<i>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</i>	<i>Сабақта жоспарланған іс-әрекет</i> <i>БІнтымақтастық атмосферасын ұйымдастыру</i>	<i>Ресурстар</i>
Сабақтың басы	<p>Топқа бөлу:әріптер арқылы топқа бөлеміз</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Ширату жаттығуы.</i> 2. <i>Топқа бөлу: «Мазайка» әдісі. Жыл мезгілдері суреттерін құрастырып,топқа бөлінеді</i> <p>I-топ күз,II –топ қыс,III-топ көктем,IV-топ жаз. Мақсаты: Қолдың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру.Көзбен мөлшерлей білуге,өз ойын толық жеткізе білуге дағдыландыру</p>	Дәптер, оқулық, плакат, қима қағаздар.
Сабақ ортасы	<p>Белсенді оқу тәсілі бойынша тапсырмалар. (ТЖ) «Сәйкесін тап» әдісі I-топ күз. <i>Суреттегі ауа райына сәйкес келетін заттар мен киімдерді анықтаңыз және байланыстырып сызыңыз.</i> <i>Адамдар неліктен ауа райына сәйкес киінеді?</i> Мақсаты: Жаңа материалды пысықтау, түйінді ойларды бекіту. II –топ қыс.<i>Суретте берілген ауа райын атаңыз.Ауа райына байланысты адамдар қандай әрекет жасайтыны туралы әңгімелейді.</i> III-топ көктем, <i>Суреттегі жыл мезгілдерінің атауын жазыңыз</i> IV-топ жаз.<i>Суретке мұқият қарап,бос уақытты табиғатта өткізуге қолайлы болатын ауа райы бейнеленгенсуретті белгілеңіз.Мұндай күндерде бос уақытыңызды қалай өткізер едіңіз?Топта әңгімелеңіз.</i> Дескриптор:Білім алушы- -ауа райына сәйкес суреттерді анықтап,сәйкестендіреді. -ауа райының адамдардың көңіл күйіне тигізетін әсері туралы ойын айтады. «Саралау» әдісі бойынша деңгейлік тапсырма беріледі. (ЖЖ) «Бэкроним» әдісі. Барлық оқушылар) Жыл мезгілдерін атаңыз. Көпшілік оқушылар) Ауа райындағы шартты белгілердіжазыңыз Кейбір оқушылар) Жыл мезгілінің құбылыстарын</p>	АКТ

	<p>сипаттайды.1) жаңбыр жауып тұр;2)жапырақтар түсе бастады;3) жел соғып жатыр;4)құстар жылы жаққа ұшып кетеді;5)суытады.</p> <p>Мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, сөз қорын дамыту.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Жыл мезгілдерін атайды. -Жыл мезгілдерінің шартты белгілерін жазады. -Ауа райындағы өзгерістермен құбылыстарды атайды. 	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>Рефлексия</p>	<p>Қорытындылау: Кері - байланыс әдістерінің бірі:</p> <p>«Белгілер » әдісі</p>	
<p>Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз</p> <p>Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қояды жоспарлап отырсыз?</p> <p>Табиғатта бос уақытын тиімді қолданады.</p> <p>Жыл мезгілінің құбылыстарын сипаттайды.</p> <p>1) жаңбыр жауып тұр; 2)жапырақтар түсе бастады; 3) жел соғып жатыр; 4)құстар жылы жаққа ұшып кетеді; 5)суытады.</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз?</p> <p>«Мозайка»әдісі, «Сәйкесін тап» әдісі, «Бэкроним» пәдісі, «Баспалдақ» әдісі</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын ың сақталуы.</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p>	<p>Рефлексияны жүргізу үшін оқушыларға өз біліктерін мақсатқа сай екенін салыстыруды ұсынады: кім сабақта түсінді, ол нені біледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әр жыл мезгілдерінің айларын ату • Әрбір айда неше күн барын анықтау 	
<p>Жалпы баға</p> <p>Қандай екі нәрсе табысты болды(оқытуда да, оқуда да ескеріңіз)?</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуда да, оқуда да ескеріңіз)?</p> <p>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не ?</p>		

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ОТАУБАЕВ АЛТАЙ МҰХАМЕДИҰЛЫ

*Алматы облысы, Панфилов ауданы «Ж.Бусаков атындағы орта мектеп
мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Көркем еңбек пәнінің мұғалімі (ұлдар)*

Білім саласындағы кез келген пән қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық.

Көркем еңбек пәнінің басты мақсаты-оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ете отырып, қазіргі заманның технологиялық мәдениетіне, яғни бұйымдарды көркем жобалауға, өңдеп, өндіруге бейімдеу болып табылады. Сондай-ақ оқушылардың техника мен технология әлемін зерттеп, зерделеуін, кәсіптік іс-әрекет элементтерінен практикалық тәжірибе алуын қарастырады.

Технология атты жаңа интегративті білім саласын меңгеру оқушылардың жалпы білім мен дағдыны меңгеруіне мүмкіндік береді, интеллектуалдық, тұлғалық, этикалық дамуын, өзіндік, кәсіптік айқындалуын, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді.

Көркем еңбек пәнін оқытуда – еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім – тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым – қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі мақсатымыз – Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті – еңбек екенін уақыт дәлелдеуде.

Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу» бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде.

Біздің елімізде еңбекке үйрену – Ы. Алтынсарин 1887 – 1888 жылдары орыс – қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған. Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады. Еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі.

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс – әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. Біздің негізгі ұстанымыз:

«Сөзден – іске көшу». Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.

Көркем еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі – мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек.

* * * * *

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ БОЙЫНША ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

СЕИТОВА ГАУХАР ТӨЛЕУБАЙҚЫЗЫ

*Алматы облысы, Панфилов ауданы «Ж.Бусаков атындағы орта мектеп
мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Көркем еңбек пәнінің мұғалімі (ұлдар)*

Қазіргі қоғамның жаһандану үдерісінде адамзаттың ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерімен жаңа еңбек салаларының қалыптасып дамуына ықпал етуде.

Ол адам еңбегінің икемді, қолайлы және тиімді орындалуына мүмкіндіктер жасап келеді. Соның бірі, өндіріс пен қызымет көрсету салаларында замануи материалдардың пайда болуы, инновациялық технологиялардың, акпараттық-коммуникациялық технологиялардың үдемелі даму болып табылады.

Осы замануи инновациялық технологиялар барлық қоғамның инфрақұрылымдарына үйлесімді енгізілуі негізінде тұрпайы еңбек түрлері еңбек нарығында жойылып, жаңа еңбек түрлерінің қалыптасуына ықпал етіп келеді.

Соның салдарынан қазіргі еңбек нарығында жаңа мамандықтар пайда болып, олардың еңбек мазмұны да жиі өзгерістерге ұшырып келеді. Осыған куә болатын үлгілерге өндірістердегі автоматтандырылған қондырғылармен өнімді жасау, сол сияқты қызмет көрсету салаларында кішігірім құралдар мен аппараттардың кеңінен қолданылып, маманның еңбек операцияларын жеңілдетуге үлкен көмегі тиіп келеді.

Бұл үлгідегі құрал-жабдықтар қазіргі өндірісте, қызмет көрсету саласында және тұрмыста да кең орын алып келе жатқаны белгілі.

«Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру. Оқу бағдарламасының мазмұны көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады. Сабақта іске асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік.

Көркем еңбек пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне баса назар аударудамыз. Бұл жаңа технологияларды негізгі үш топқа бөліп қарастыруымызға болады:

1. Ойындық технология - мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешімін іздестіруге құрылады. Жетекші әдісі – ойын. Оны ұйымдастыру түрлері: іскерлік, рөлдік, оқиғалық және білімдік ойындар.

2. Коммуникативтік технология – мүмкін болған барлық ақпараттарды қатыстыра отырып, оқу үрдісі оқушының өзара белсенді әрекетіне, қатынасына құрылады. Жетекші әдісі – қарым – қатынас. Оны ұйымдастыру түрлері: өзара, жұптық, топтық оқу т.б.

3. Зерттеу технологиясы – проблемалық ізденіске, жаңалықтар ашуға құрылады. Жетекші әдісі – проблемалық оқыту әдісі.

Осылармен бірге саралап, жеке дара, жеделдетіп оқыту, оза оқыту, деңгейлеп оқыту, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау т.б. технологиялар көп қолданыс табуда. Бұл технологиялардың бәріне ортақ, негізгі мақсаты – жеке тұлғаны дамыту, оқуға шығармашылық ендіру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы, т.б. Оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальдық, кәсіби, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытуда оқушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға да мүмкіндіктер көбеюде. Еңбек ету үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту көзделуі қажет.

Модульдік оқыту технологиясы - балаларға жеңілдік жасап, оқушы мен мұғалім қарым - қатынасына теңдік жағдай жасап, оқушыларды қатты қыспай, еркін сөйлеп қызықтырушы көрнекілікпен баланы баулап, алып кету.

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа модельдерді көп қолданған жөн.

Әр пән мұғалімі жаңа технологияларды меңгеріп, пәнаралық байланыс, кірістіру сабақтарын кеңінен қолдану қажет. Себебі оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс - әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын тигізе алады. Жас өспірімдерді еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ұ.Жазықбаева. Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз тәрбиелейді. Шымкент,2000.
2. Т.Ш.Оралбекова Технология оқулығы. Алматы, 2016.
3. Т.Ш.Оралбекова Әдістемелік құрал (технология), Алматы, 2017

ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЗИНА АЙДАРБЕККЫЗЫ БАҚЫТЖАНОВА

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы

Ойыл қазақ орта мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Қазақстан халқына жолдауында « Бізге экономикалық және қоғамдық жаңарту қажеттілігіне сай қазіргі заманғы білім жүйесі қажет» дегені мәлім.

Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі - білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан, оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, яғни, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады.

Деңгейлік бағдарламалар мазмұнындағы «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі — оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну, оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілмен байланысты. Жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден–бір жолы оқушы білімін әділ, шынайы, ашық түрде бағалау жүйесін қолдану.

Білімді бақылаудың негізгі мақсаты — оқушылардың білім алуудағы жетістіктерін анықтау, білімін тереңдету және болашақта оқушыларды қоғамдық іс-әрекетке қосылудың алғышарттарын жасау. Бұл мақсат ең алдымен оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын анықтаумен тығыз байланысты.

Екіншіден басты мақсаттың айқындылығы өзін-өзі бақылау мен өзара бақылауды қабылдауды үйренумен және өзін-өзі бақылау мен өзара бақылау қажеттілігін қалыптастырумен байланысты.

Үшіншіден, бұл мақсат оқушылардың орындалған жұмысқа деген жауапкершілігін, ынтасын арттыру тәрізді жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуді жоспарлайды.

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі.

Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Тыңдалым дағдысы негізінде оқушылар жаңа білімдерді қабылдайды, бұрын алған білімдерін толықтырып, жетілдіріп, белгілі бір жүйеге келтіреді. Тәрбиелік қызметі оқушыларды жүйелі түрде жұмыс істеуге үйретеді. Нәтижесінде олар күнделікті сабаққа үзбей дайындалады, жауапкершілдік сезімдері артады.

Дамыту қызметінің маңызы сол, оқушылар өз бетінше оқу тапсырмаларын орындауда жаңа білімдерді қабылдайды, қорытынды жасайды, баяндамалар әзірлейді, хабарламалар жасайды. Күнделікті бақылау оқыту процесінде күнделікті қолданылады және сабақ барысында оқушылардың оқу–танымдық әрекетіне басшылық жасайды.

Ол ішкі және сыртқы байланысты жан–жақты жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады, соның негізінде оқушылардың келесі оқу әрекетіне ықпал етеді.

Күнделікті бақылау мұғалімнің жалпы немесе жекелеген оқушылар жұмысына жүйелі түрде бақылау жасау көмегімен жүргізіледі.

Бақылаудың бұл түрі оқушылардың сынып немесе үй тапсырмаларын өз бетінше орындауға деген ниеттері мен берілген тапсырманы орындауға деген олардың қызығушылығы және жауапкершілік сезімін ынталадыруда үлкен маңызға ие болады.

Тақырыптық бақылау – оқу бағдарламасындағы белгілі тақырыптар бойынша өткізіледі. Сабақтың тақырыбы және әрбір кезеңдері негізінен оқушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны игеруі тексеріледі.

Сонымен бірге, мұғалім жаңа тақырыптың кейбір басты мәселелерін өткен сабақтардағы оқу материалдарымен толықтырады, кейбір ұғымдарды, анықтамаларды, ғылыми ережелерді оқушылардың есіне салады.

Қорытынды бақылау – барлық пәндер бойынша жыл аяғында өткізіледі. Бақылау процесінде тақырыптық және тарау бойынша бақылау нәтижелері есепке алынғады. Оқушылардың жыл бойында алған теориялық және тәжірибелік білімдері анықталады. Сондықтан қорытынды бақылаудың негізі емтихан және оқушылардың жылдық бағаларынан педагогикалық кеңестің шешімі бойынша қорытынды бағалары шығарылады.

Бақылаудың дербес формасы әрбір оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын терең, жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді.

* * * * *

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ ЖӘНЕ ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫ

БАЙМУХАНОВА ЖАНАР АДІЛЬБЕКОВНА

СҚО, М.Жұмабаев ауданы «Надежка орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

XX ғасырдың басында ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл, сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп еді. Туған тіліміз – халқымыздың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінгі жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелейтін ең басты қазынамыз, әйтсе де біздер оны құрметтеп, қолдап, аялау керектігі жөнінде көп ой толғаған емеспіз.

Еліміз тәуелсіздік жолының жиырма екінші жылына қадам басқан тарихи шақта, басқа елдермен иығын тең тіресер кезеңде мені тіліміздің қазіргі жайы толғандырады. Әсіресе, жастар, өкінішке орай, ана тіліне менсінбей қарауға әуес. Бүгін біздің ортамызда неге өз ана тілін білмейтіндер көбейді? Көшеде жүрген екі қазақтың бірі орыс тілінде сөйлейді, дүкенде де, қоғамдық орындарда да жүрсек көретініміз – осы. Жасы да, кәрісі де тілін бұрап, орыс тілінде сөйлеп жатқаны. Не себептен өз ана тілінде ойын жеткізуге үйренуге тырыспайтыны мен үшін түсініксіз. Осылай тізе берсең қазақ тілінің бүгінгі жайы, ақын тілімен айтқанда, «Мың өліп, мың тірілген» қазақ ұлтының дәл өзі сияқты.

Белгілі ғалым Махмұд Қашқари «Тәрбие басы – тіл» деп көрсетеді. Жалпы, қай тәрбиенің де бастауы отбасынан басталатыны рас, патриоттық сезім де отбасынан қалыптасады. Тіл туралы айтылғандардың бәрі желге ұшып, қоқысқа айналмасын десек, әр қазақ өз шаңырағында ағарту ісімен айналысса нұр үстіне нұр болар еді. Сонда ғана әр адамның санасында ұлттық намыс, патриоттық жігер оянар еді. Сөйтіп, ол да ана тілін қадірлеуге, сыйлауға, ұмытпауға, патриоттық сезімнің оянуына ат салысар еді. Қазақ халқы «Отан» ұғымын балалық бойына екішкентай кезінен сіңіруге тырысқан, оны туған жер, ана тіл, атамекен ұғымдарымен байланыстырған.

«Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан» деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілінің қоғамдағы рөлін ашып көрсетеді. Ұлтымыздың атымен аталатын мемлекетте өмір сүріп жатқандықтан, еліміздің әр азаматы мемлекеттік тілді меңгеруі Отан, қоғам алдындағы азаматтық парызы деп есептеймін. Мен өмірлік таңдауымды да мемлекеттік тілдің қасиеттілігін келер ұрпақ бойына сіңірумен байланыстырдым. Яғни, болашаққа бағыттаған мамандығым – өзге тілді ұлт мектептерінде қазақ тілін оқыту. «Ұлттың болашағы – ұрпағында, ұрпақ тәрбиесі – ұстаз қолында» деп бекер айтылмаса керек. Шәкірттің жеңісі – ұстаз еңбегінің жемісі екені ақиқат.

Дарынды, талантты тұлға – халқымыздың ең қымбат байлығы. Тәуелсіз еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі, жан-жақты дамыған, өрелі азамат ретінде қалыптасуындағы мектеп ұжымының игі істері өз нәтижесін алдағы уақыттарда да берері сөзсіз. Бала – ертеңгі азамат. Оны тәрбиелеп, биік шыңдарға жеткізу, мемлекеттің мүддесіне өзі жететіндей етіп қалыптастыру педагог қауымының мақсаты мен міндеті. «Бұлақ көрсең көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін ашу парызымыз. Дарынды баланы оқыту мен тәрбиелеуде күтілетін нәтиже – тіл байлығы мол, кез келген ақпаратты сараптай алу мүмкіндігі.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде! Бүгінгі күні егемен ел ретінде әлем мойындаған Қазақстанға деген қызығушылық артып, өркениеттің материалдық қана емес, рухани құндылықтарымызды да танып-білуге деген ынта-ықыласы тереңдей түсуде.

Елімізде білім сапасына айрықша назар аударылуда. Сондықтан өзім де осы талап биігінен көрінуге тырысамын. Күнделікті сабақ барысында жаңа технологияларға ерекше көңіл бөлемін. Несін жасырамын, жастардың тілдік қоры жетіспейді деп жатады.

Ол ұстаздардың біліктілігіне де байланысты. Өз басым жүргізетін пәнімде тек оқулық және хрестоматиямен шектелмеймін. Ұлы жазушылар жөнінде тақырыптарды өткен кезде олардың жазған көркем шығармаларын оқуды талап етемін. Кітапты көп оқыған сайын оқушылардың ой-өрісі де кең, тілі де бай болады.

Әдебиетте эссе, мазмұндама, шығарма жаздырып, олардың қабілетін ұштаймын. Әрбір ұстаздың өз дәріс беру тәсілі болады. Өз басым сабақ барысында қосымша деректер мен дәйектерді молынан пайдаланамын. Бұл орайда қазақ тілінде жарық көретін басылымдардың да берері мол.

«Мұғалім – мектептің жүрегі» деседі. Ол өте орынды айтылған. Шәкірттердің жан-жақты болып шығуы ұстаздардың білімі мен біліктілігіне байланысты.

Әрине, қазақ тілін оқытуға байланысты әлі де айтылатын мәселелер аз емес. Қоғам, заман өзгерген сайын бұл пәнге байланысты міндеттері де өзгереді. Оқу, білім жүйесінің негізгі мақсаты – өз еліне адал қызмет ететін, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды тәрбиелеп шығару. Осы тұрғыдан келгенде мектептегі бүгінгі шәкірттердің әрқайсысының жүрегіне ана тіліне деген жанашырлық сезімін ұялата білу де – қаперде ұстайтын мәселе.

Өйткені мемлекеттік тілді өркендетіп, аясын кеңейтетін де ертеңгі азаматтар, яғни бүгінгі жас ұрпақ.

* * * * *

ТӘРБИЕШІ – БАЛАБАҚШАДАҒЫ БАСТЫ ТҰЛҒА

ҚУАТБАЕВА ҚАРЛЫҒАШ АЛДИЯРҚЫЗЫ
Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Кетебай ауылы
«Балдәурен» бөбекжай балабақша меңгерушісі

Тәрбиеші тәрбиеленушілердің күнделікті оқу-тәрбие жұмысын, демалыс уақытын ұйымдастырады. Ал бөбекжай мен балабақша тәрбиешісі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейді, мектепке даярлайды, отбасына көмектеседі.

Тәрбиеші балалардың жақын досы болуы керек, ал еркелетуге сақтықпен қараған жөн. Бір баланы еркелету басқа балалардың қызғанышын тудырады. Дегенмен, балаларды еркелету де қажет. Тәрбиеші өз талабына ұқыпты болуы қажет.

Бала тек адамның жеке басының тікелей тигізетін әсері арқылы ғана тәрбиеленеді. Балабақша тәрбиешісі жас ұрпақты жан-жақты дамытып тәрбие беру, оны өмірге еңбекке даярлауда педогогикалық білімді көпшілік арасына насихаттау сияқты әрі жауапты, әрі қадірлі қоғамдық міндеттер атқарады.

Балабақша тәрбиешісінің міндеттері:

а) Балаларды дұрыс тәрбиелеуді қамтамасыз етеді;

б) Өз тобындағы әрбір баланың қызығуы мен қажетіне ұқыптылықпен, қамқорлықпен қарайды;

в) Балалардың денсаулығын сақтауға, қорғауға байланысты дәрігер талабын орындайды;

г) Балаларды отбасында, балабақшада тәрбиелеу мәселелері туралы ата-аналармен жұмыс жүргізеді;

д) Аудандық, қалалық әдістемелік бірлестіктерде, балабақшада педогогикалық кеңестің жұмысына қатысады;

е) Балалармен жүргізілетін өз жұмыстары туралы жоспар құрады, есеп береді, әрбір сабаққа ұқыпты дайындалады.

Балалар тобын тәрбиеші мектепке шығарып салғанға дейін жетелейді. Тәрбиеші жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптасытра алатын, адамгершілік жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оның түсіндіре алатын адам болуы керек.

Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші- әдептілі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртіпті, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі зор болады. Тәрбиешінің жеке басының үлгісі- жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістердің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себеппен де ол үнемі жинақты, таза, ұқыпты жүріп, сөйлеген сөзі мәнді, ойлы әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлеуі керек. Бала еліктегіш болғандықтан, жақсыны да, жаманды да тез қабылдайды.

Жаңашыл педогог Ш.А.Амонашвили тәрбиешіге төмендегідей талап қояды: педогог-тәрбиеші әріптестеріне мейрімді, жылы шырайлы, ықыласты болуы керек, әріптестерімен қарым қатынас жасаудың әдебін, дауыс сарынын, жылы үнін игеру керек, әріптестерінің табысына қызғанышпен, күншілдікпен қарауға құқы жоқ, әріптестерімен өз тәжірибесін бөлісуге міндетті, әріптестерінен үйренуге ұялмауы керек, әріптестеріне жоғарыдан

менсінбей қарауға құқы жоқ, әріптестерінің ар-намысын, атақ-даңқын сақтауы керек, балаға байланысты отбасы құпиясының бәрін білу керек, бірақ оны ешкімге шашпауы тиіс.

Тәрбиешінің бойында болатын маңызды сапалары: ақылдылығы, қайырымдылығы, мәдениеттілігі, білімділігі, кәсіби шеберлігі, балаларға деген сүйіспеншілігі, тәртіптілігі, шығармашылық қабілеттілігі, белсенділігі, жан жақты қызығушылығы, ұйымдастырушылық қабілеті, бір нәрсемен шұғылдану, зиялылығы, әзіл-қалжыңға бейімділігі, басқаны тыңдай білуі, талдау жасай білу қабілеті, еңбексүйгіштігі, мейрімділігі, әділдігі, ашықтығы, шыншылдығы, әділеттілігі, әдептілігі, жақсылық жасай білуі.

Тәрбиешінің педогоикалық шеберлігі тәрбие жұмысының әрбір кезеңінде не істейтінін, не үшін істейтінін, қандай нәтижеге жеткісі келетін саналы, анық және дәл білуіне байланысты болмақ. Шебер тәрбиешінің бөлмелерді педагогикалық және эстетикалық талаптарға сай жабдықталуы, тәрбие жұмысына қажетті көрнекі құрадарының түгел болуы, педогоикалық мақсатқа сәйкестелінген болуы шарт. Олардың өз орнында тұруы жемісті еңбек етуге жағдай жасайды.

Шебер тәрбиешінің негізгі қасеттерінің бірі – педогоикалық әдептілік.

Педагогикалық әдептілік бала психологиясын және оның жас ерекшеліктерін жете білуді талап етеді. Әдептіліктің қайнар көзі- балаларды сүю және қадірлей білу. Педагогикалық әдептіліктің бір көрінісі – шамамен сезу қасиеті. Сонда тәрбие әдістерінің көпшілігі нәтижелі болады. Қолайлы әдісті таба білу шеберлік пен әдептіліктің көрінісі. Шеберлік үйретумен, үйренумен, өз ісіне деген сүйіспеншілікпен, тәжірибемен, жұмысқа ұқыпты қараумен саналы, ойлы еңбекпен қалыптасады.

Тәрбиеші қызметінің ерекшелігі: педагогтік әдепті игеру, ел үшін ерлікпен еңбек ету, педагогтік бедел, педагогтің артистігі, педагогтік оптимизм, кәсіби шеберлікті үнемі шыңдап отыру, т.б.

Балабақшаның ата-аналармен жұмысының мазмұны төмендегідей:

а) Ата-аналармен педагогикалық, психологикалық білімдерін көтеру; (Дәрістер оқу, семинарлар ұйымдастыру, жеке және топтық кеңестер, тәжірибелік жұмыстар, т.б.);

б) Ата-аналарды оқу-тәрбие жұмыстарына қатыстыру; (ата-аналар жиналысы, бірлескен шығармашылық жұмыстар, материалдық-техникалық база жасауға көмектесу);

в) Балабақшаның әкімшілігімен бірлескен жұмыстар (ата-аналар комитеті, ата-аналар кеңесі, аталар алқасы, әжелер клубы).

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формасы мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуметін арттыруға бағытталған болуы керек.

Ата-аналармен жұмыстың әдістері : бақылау, әңгіме, пікірлесу, тест жүргізу, сауалнама жүргізу.

Педагогикалық білім беру-бұл бала тәрбиесінің көкейкесті мәселелерімен ата-аналарды таныстырады және оларды негізгі педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Дәрістер – бұл бала тәрбиесінің мәні мен маңызына жан жақты терең талдау жасау. Дәрістегі ең басты көңіл бөлетін мәселе-ол белгіленген жағдайға немесе құбылысқа талдау жасау болып табылады.

Ашық сабақтар- ата-аналарды бағдарлама бойынша қол жеткен жетістіктермен таныстыру, тәрбиешінің талаптарына ден қоюға бағыт беру. Мұндай сабақтарға ата-аналардың қатысуға балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары жайында ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырады, баламен қарым-қатынас жасадың жолдарын үйренеді.

* * * * *

МЕКТЕП ПЕН БАЛАБАҚША АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

УЛУКБАНОВА ОРАЗГУЛ КАЛБАЕВНА

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Кетебай ауылы
«Балдәурен» бөбекжай балабақша әдіскері

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Осы өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр.

Аталған міндетті шешуде кезек күттірмейтін мәселелердің бірі ретінде мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің жолдарын айқындаудың маңызы зор. Өйткені сабақтастық туралы мәселе өткір қойылып отыр.

Бұл мәселені ғалымдар, білім беру мекемелерінің жетекшілері, мұғалімдер, ата-аналар да көтеріп отыр. Олардың дабыл қағуына толық негіз бар.

Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықтың негіздемесі:

- балалардың білуге деген құмарлығын дамыту;
- балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту;
- балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялын дамыту;
- тілдік қарым-қатынасын дамыту (құрбы-құрдастарымен, ересектермен тіл табысып, сөйлесе білу)

Салауатты өмір сүру салтының құндылығына балаларды қатыстыру;

- эмоционалдық аман-саулығын қамтамасыз ету, әр түрлі көркемдік іс-әрекет түріне талабын, білуге құмарлығын, еркіндігін дамыту арқылы айналадағы әлем жайында білімін қалыптастыру;
- Салауатты өмір сүру салтының құндылығын қалыптастыру және өзінің тәртібін қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынас дайындығын дамыту. Эмоционалды, интеллектуалды, коммуникативті мектепте оқуға үйрену деген тілегін қалыптастыру; әр түрлі әрекетте бірлесе жұмыс істей білуі мен өздігінен мектепке дейінгі мекемедегі алған жетістігін жетілдіру,

Бала бақша мен мектептің өзара байланысы бойынша жұмысын ұйымдастыру:

- мектепте оқып үйренуіне жағдай жасау;
- мектепте оқуға психологиялық дайындығын қалыптастыру;
- бала дамуының үдіксіз білім беру жүйесін құру.

Қазіргі оқу тәжірибесінде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп оқуындағы сабақтастықты жүзеге асыруда негізгі екі бағыттарын белгілеуге болады. Олардың біріншісі, балалар дамуының темптерін көбейту және мектепке дейінгі мекемелердің мектептегі оқудың талаптары мен ерекшеліктеріне жету міндеттерінен тұратын тәжірибеге сүйенеді.

Екінші, бастауыш мектепке дейінгі білімдер, іскерлік және дағдыларды дамыту тактикасына негізделеді. Мұнда В. В. Давыдовтың белгілеуі бойынша, бастауыш мектеп оларды жүйелейді және жалпылайды, оқуға, жазуға, санауға және т. б. үйретеді.

Бұл заңдылық тәрбиешілер мен мұғалімдерді баланың шығармашылық мүмкіндіктерді дамыту жұмысында сабақтастық байланысына ұмтылдырады. Сонымен бірге сабақтастық байланыстардың түрлері де ажыратылады. Олардың қатарында: мектепке дейінгі тәрбие мекемелері мен бірінші сынып арасындағы байланыстар, бастауыш және орта буындардағы пәндерді оқытудағы сабақтастық байланыстар.

Мектепалды даярлық топтары мен (5- 6 жас) 1 сынып оқушылары үшін ойынның атқаратын ролі өте зор. Себебі, ойын баланың сезімдік тәжірибесін байытады, ретке келтіруге көмектеседі. Барлық психикалық қасиеттерді дамытуға және ойлау операцияларын қалыптастыруға даярлайды. Бірақ 5 – 6 жастағы балалардың мектепке деген қызығушылығы өте төмен. Сабақ оқуды олар осы кезде оқу керек деп ойламайды.

Балалар мультфильм кейіпкерлерін өздеріне үлгі ретінде алады. Ал, біздің басты мақсатымыз – жан – жақты дамыған баланы мектепке дайындау.

Балабақшада тәрбиеленушілердің танымдық іс - әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі - ойын әрекеті. Ойын - баланың шын тіршілігі. Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А.С. Макаренко: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу - бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие мәселесінің бірі балалардың дамуын жеткілікті ұйымдастыруда әрекеттік қатынасты күшейту арқылы танымдық белсенділікті қалыптастыру ойын әрекет негізінде жүзеге асырылуы қажет.

Сонымен бірге ойын тәжірибесі, әсіресе ойын жөніндегі нақты өзара қарым – қатынастар ойлаудың айрықша қасиетінің негізін құрайды, мұның өзі басқа адамдардың көзқарасын қабылдауға, олардың мүмкін болатын мінез – құлқын болжап білуге және осының негізінде өз мінез – құлқын түзеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар сабақтастық мәселесін шешуде ата-аналармен жұмыс жүргізу бала дамуының бірыңғай кеңістігін жасаудың белсенді бағыты ретінде де қаралуы тиіс.

Өйткені, ата-аналардың көпшілігі бала тәрбиесіндегі педагогикалық талаптардан бейхабар болуы мүмкін. Сондай-ақ баланың физиологиялық-психологиялық даму ерекшелігінен де назардан тыс қалатын жағдайлар да болып жатады.

Сондықтан педагог қауымның алдына қойған қосымша ата-аналар мен жұмысты одан әрі жетілдірудің тың жолдарын қарастыра отырып, ортақ мақсатқа жетудің ұтымды сәттерін жіберіп алмау.

Мектепке дейінгі мекеме, бастауыш буын мен ата-ана арасындағы сабақтастық сақталғанда баланың мектепке жалпы, арнай және психологиялық жағынан қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, бастауыш сыныптағы оқыту мен тәрбие беру жұмыстарының негізі қаланып, мектепке дейінгі балалықшақтан жүйелі оқытуға кедергісіз көшу үшін жағдай жасалады. Білім беру әр бала, әр оқушы үшін тұлғалық мазмұндығын қамтамасыз етуге және ол үшін өз ісінеде, өз өмірінде жеке тұлғалық ойын, құруға, өзіндік қорғану, өзіндік тәрбиелеу механизмін қалыптастыруға және адамдардың адаммен, табиғат, өркениет, мәдениетпен қауіпсіз қарым-қатынас жасауын қамтамасыз етеді.

* * * * *

БАЛАБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

КОШЕНОВА НАГИМА ХУДАЙБЕРГЕНОВНА

*Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Кетебай ауылы
«Балдәурен» бөбекжай балабақша тәрбиешісі*

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мәселесі алдымен балабақшада жүзеге асырылады. Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлығының дамуында тіл маңызды рөл атқарады. Біздің мақсатымыз – балаларды ата-бабадан қалған салт-дәстүрге, адамгершілікке баули отырып, жаңа технологияны меңгерту. Осы мақсатымыз жүзеге асуы үшін біз ең алдымен өзіміздің ана тілімізді меңгеруіміз қажет.

Бүгінгі таңда тіл туралы көп айтылады. Тіл білген адам-мәдени, рухани жан азығы мол адам. Адамның ойы тілден көрінеді. Сондықтан балабақша қабырғасынан бастап тіл үйретудің маңызы зор. Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым — қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл — ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан — теңіз.

Ол жаңа өскін балауса буынының сана — сезімін оятып, ақыл — есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті.

Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай-ақ мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл — ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген — білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата — аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді.

Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан — да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс — әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс — әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал — мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Ана тілінің грамматикалық жағын меңгерту күнделікті өмірде, үлкендермен сөздік қарым-қатынас жасау процесінде іске асады. Тіпті балабақшадағы балалардың сөйлеу әрекетінде сөздің синтаксистік тұрғыда қалыптаса бастайтынын арнайы зерттеу, бақылау жұмыстары дәлелдеп отыр. Олардың сөзінде жай-жайылма, құрмалас сөйлемдер жиі кездеседі. Керісінше бұл жастағы балалар морфологиялық формаларды өте баяу меңгеретіндері байқалады. Балалар сөйлемдегі сөздерді көбінесе жалғау, жұрнақсыз дара айтады. Сондықтан балабақша тәрбиешілері тіл дамыту сабақтарында жеке сөздерді жіктік, септік, тәуелдік жалғауларында қолдануды, түбір сөздерден сөз тудыру тәсілдерін үйретіп отыруға міндетті. Бұл жөнінде арнайы жазылған методикалық еңбектерде айтылады.

Сөздің грамматикалық құрылысын меңгерту арнайы сабақ түрінде емес, тіл дамыту сабақтарында қосымша, дидактикалық ойын (сөздік ойындар), түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асады. Мысалы, зат есімдерді көптік, септік жалғауларын қосып айтуға үйретуде «Кімге не кере?», «Не жоқ», «Кім қайдан келді?» т.б ойындар ойнату қолайлы.

Сондай-ақ қазақ тілінде өз алдына жеке мағынаға ие болмайтын, басқа сөздерге қосылып көмекші мағына атқаратын «арт, үст, жақ, қас, іш» деген көмекші сөздерді үйрету қажет. Бұл үшін түрлі ойыншықтарды, қажетті заттарды әр түрлі жағдайда орналастырып баладан сұрау керек. Бала «қайда?» деген сұраққа жауап бере отырып, заттың кеңістікте орналасқан орнын сөзбен айтады. Мұнымен қатар «Жасырылған затты тап», «Орнынды тап», деген ойын өткізуге болады. Мысалы, ойыншық аюды не қуыршақты жасырып сұрағанда бала: «Аю шкафтың үстінде, қуыршақ төсектің астында» немесе «доп столдың жанында», «Мысық үйдің үстінде отыр», -деп жауап береді.

Сөйлемдегі орны бос сөздерді тауып сөйлем құрап айтуға үйретуде «Әжемнен хат келді», «Мен қайттім (қуандым)» немесе «Балапан ұшып кетті» деген сөздерге «Қайдан? Қалай? Неге?» деген сұрақтар арқылы балапанның ұшқан жерін, неге ұшып кеткен себебін айтқызып дұрыс. Бірыңғай мүшелі, сабақтас салалас құрмалас сөйлемдер құрап айтуға үйретуде «Пошташы хат әкелді» деген ойын ойнатуға болады. Суреттер көрсетіп әңгіме құрату. «Фермада», «Тоқтарбек совхозға барғанда не көрді», «Қырман басында», «Жайлауда көргендерім», «Жидек тергенде» деген тақырыптарды алуға болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс — әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл — ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

КОПТИЛЕУОВА ЖАМАЛ МЕТЕРОВНА

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Кетебай ауылы
«Балдәурен» бөбекжай балабақша тәрбиешісі

Ұрпақтан — ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал-мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Өз тәжірибемде тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері. Сонымен қатар түрлі ойын — жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол. Мысалы: «Күз түсті» ертегісін алып ойын — жаттығу ретінде өткізіп жүрмін.

«Балалар тоғайға жеміс — жидек теруге барады. Барлығының қолдарында себет бар. Олар тоғайға келе жатса, бір сиыр жатыр екен. Сиыр балаларды көріп «мө — мө — мө» деп амандасады. Содан кейін «балалар, қайда барасыңдар?» деп сұрайды. Балалар: — «Орманға жидек теруге бара жатырмыз»-деп жауап береді. Орманға келіп ағаштың бұтағында тоқылдақтың отырғанын байқайды. Тоқылдақ балаларды көріп «тық — тық» деп амандасады. Сонан кейін торғайлар «шиқ — шиқ» деп дыбыстайды. Қарға болса «қар — қар» дейді. Көкек те қалыспай «көкек — көкек» деп қалыспайды. Осы тәріздес ормандағы құстар, аңдар балалармен кездеседі. «Күз түсті» ертегісінің мазмұны бойынша жүргізілетін ойын — жаттығудың мақсаты ертегі мазмұны бойынша балаларды қызықтырып, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.

Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал — мәтелдер арқылы да беріледі. Қазақты мақал — мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным», «Отбасы», «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде «Туған жер – алтын бесік», «Өз үйім — өлең төсегім», «Отан – оттан да ыстық» сияқты тақырыптарда мақал-мәтелдер жаттауға және қарапайым әңгіме құруға баулға тырысамын. Ал батырлық, ерлік туралы өткенде «Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді», «Ер — елдің көркі, өсімдік жердің көркі» т.б., «Білім» тақырыбына

«Қына тасқа, білім басқа бітеді», «Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді» деген мақал — мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар да үлкен роль атқарады. Әр оқу іс — әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын. Мысалы, «Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады» (Жұлдыз), «Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің» (Дән), «Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні» (Тау).

Халықтың шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді. Мысалы, «Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше», т.б.

Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт — бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, тілінің дамуында, дұрыс сөйлей білуге баулуда балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор. Сондықтан қазіргі заман талабына сай оқу — тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, әрбір тәрбиешінің алға қойған міндеті. Балабақша тәрбиеленуші әр баланы өз баламыздай жақсы көріп, білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндетіміз.

* * * * *

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН МУЗЫКАЛЫҚ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

АБЫЛОВА ЭЛЬМИРА КУСТАЙЕВНА

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Кетебай ауылы
«Балдәурен» бөбекжай балабақша музыка жетекшісі

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекет түрі: «Музыка»

Тақырыбы: «Әніміз бар тамаша!»

Мақсаты: балалардың ән туралы түсініктерін қалыптастыру; әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажырата алу, бірге ән салу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру; әнге деген қызығушылықтарын ояту; музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Әдіс - тәсілдер: салыстыру, сәйкестендіру, «ой қозғау», миға шабуыл, топтық жұмыс, дидактикалық ойын.

Көрнекілігі: ойынға арналған үйлер және суретті алмалар (слайд), «Әнші төлдер» макеті, «Көңілді шарлар».

Билингвизм: ән - песня, әнші - певец, ақын - поэт, сазгер - композитор

Музыка жетекшісінің іс - әрекеті

I. Бастапқы жүріс

«Балдырғандар маршы»

Марш екпінді әуен ойнап, балаларды қабылдайды. Әндете сәлемдеседі.

Біз - көңілді баламыз,

Өнер қуған дарамыз.

Әнге салып әдемі

Би де билеп аламыз.

II. Музыкалық - ырғақты қимылдар

«Келші, құрбым билейік»

Ән сөздеріне және ырғағына сәйкестендіре, жұптаса би қимылдарын орындауға шақырады.

Балалармен бірге ән салып, би қимылдарын дұрыс орындауларына ықпал етеді.

III. Музыка тыңдау

Ой қозғау. Балаларға әнге қатысты бірнеше сұрақтар қояды. Әуен мен сөздің үйлесуімен ән пайда болатыны жөніндегі түсініктерін пысықтайды. Ән, әуен сөздерінің орыс тіліндегі аудармасын қайталатып, үйретеді.

Бір баладан өзі білетін әннің әуенін ля - ля буыны арқылы орындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады.

- Әнді кім шығарады?
- Қандай сазгерлерді білеміз?
- Әннің сөзін кім жазады?
- Әнді орындайтын адамды кім дейміз?
- Қандай ырғақтағы әндерді білеміз?.

Балалардың назарын « ақылды тақтаға» аударады.

«Бұл үйдегілер не істеуде?» муз. дид. ойынын ойнауға шақырады.

1.«Елімізді сүйеміз» (марш)

Ж. Қалжанова

2. «Күзге сәлем!» (вальс)

А. Еспенбетова

3.«Әлди»халық әні

(бесік жыры)

Ойын шарты бойынша әртүрлі сипаттағы әуендерді ойнап, «үйдегілердің» қандай іс - әрекет үстінде екенін табуды сұрайды.

Жауаптары дұрыс болған жағдайда көңілді әуен ойналатынын айтады.

IV. Дауыс жаттығулары

Жаттығуларды бірүнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән береді.

«Музыкалық баспалдақ» арқылы жаттығу жасатады.

V. Ән салу

1. «Елімнің ертеңгі иесі біз!»

әні: А. Еспенбетова. Өткен әнді естеріне түсіреді. Әннің атын, сазгерін атауды сұрайды.

Әнді хор мінбесіне барып ұнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

2. «Әніміз бар тамаша!»

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

Тамаша әнімізге қосылуға «әнші төлдер» келгендігін айтады.

Балаларға төлдермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.

Әннің I қатарын - ботақандар тобы, II қатарын - бұзауқандар тобы, III қатарын - лақтар тобы,

IV қатарын - құлыншақтар тобы, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға

үйретеді.

VI. Ойын ойнау

«Ән салған кім?» музыкалық ойын.

Ойын алаңына «көңілді шарларды» алып баруларын сұрайды. Ойын шартын түсіндіреді.

Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды.

Достығымыз жараса, Асыр салып таласа

Ойынды тез бастайық, Шартын қатаң сақтайық

1 - 2 - 3. Ойын баста, үш!

Әннің I шумағын орындау кезінде «шарларды» артқа тығып,

шеңбер бойымен жай баса жүріп, әндетуді, қайырмасында – «көңілді шарларды» іске қосып, ырғағын соғуды ұсынады.

* * * * *

БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

МАКСИМОВА НҮРГҮЛ ЖАРЫЛҚАСЫМҚЫЗЫ

*Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Кетебай ауылы
«Балдәурен» бөбекжай балабақша тәрбиешісі*

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу.

Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде.

Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр.

Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз.

Бала тәрбиесі ешқашан салғырт қарауды көтермейтін, аса бір күрделі де маңызды іс. Адамды адамдық қалыпқа келтіретін де, аздырып, тоздыратын да тәрбие жұмысы. Балаға жас кезінде әсер ететін құбылыстар әр түрлі болғанмен оларды тәрбиелеуші әрине ата-ана.

«Ұрпақ тәрбиелі болса, сол ұлттың болашығы да жарқын болмақ» - демекші, «Баланы жастан» деп халқымыз бала тәрбиесін әріден бастау керектігін де айтып кеткен. Адамгершілік үстемдік құрған қоғамның азаматын тәрбиелейтін мектеп ол – әрине Отбасы. «Отан – отбасынан басталады» деп те айтамыз. Отбасы ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыратын мектеп десекте болғандай.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Баланың өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қай халық болсын ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі алаңдаушылықпен қараған. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі.

Жалпылай алғанда адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталатыны мәлім. Адамгершілік негізі – имандылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған.

Халқымыз: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Бүгінгі бәсекеге қабілетті талап еткен қоғамда жас ұрпақты сол қоғам мүддесіне сай, оның мұң-мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, кісінің алажібін аттамайтын иманды азамат етіп тәрбиелеу көзделінеді .

* * * * *

ЖУМАШЕВА ГҮЛЖАН ИГИЛИКОВНА

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Кетебай ауылы

«Балдәурен» бөбекжай балабақша тәрбиешісі

Білім бері саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.

Тақырыбы: «Ғажайып математика»

Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндерді, олардың түстері туралы түсініктерін бекіту. Санамақтар айтқызу арқылы сан туралы ұғымдарын қалыптастыру. Сандарды тура және кері санау, дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, түсіндіру, үйрету, көрсету, ойын, сұрақ-жауап, сергіту сәті, қорытындылау.

Көрнекілік-құрал: сурет, сандар, үлестірмелі пішіндер.

Тәрбиеші:

-Балалар бүгін бізге қонақтар келіпті. Алдымен қонақтармен амандасып алайық!

Шаттық шеңбері:

Мейірімді жүрекпен

Ақ пейілді тілекпен

Амандасып алайық

Бір жадырап қалайық!

Сәлеметсіздер ме!

-Жарайсыңдар,балалар, орындарыңа отыра қойыңдар.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Күз мезгілі

-Күз мезгілі неше айдан тұрады?

Балалар: Үш айдан: қыркүйек,қазан,қараша.

-Өте жақсы балалар.

-Балалар біздің бүгінгі оқу қызметімізге пішіндер Патшайымы сиқырлы сандықша жіберіпті. Ол сандықшаны бізге күлдіргеннен беріп жіберіпті.

Күлдірген: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен күлдіргенмін, бүгін сендерде ерекше оқу қызметі өткелі жатыр екен. Топтарың қандай әдемі! Мен пішіндер Патшайымының сиқырлы сандықшасын ала келдім. Тәрбиеші апайларыңа тапсырайын.

Тәрбиеші: -Ал, мен ашып көрейін.

-Балалар, пішіндер Патшайымы бізге хат жіберіпті, соны ашып оқиық.

-Сәлеметсіздерме, балалар! Мен пішіндер Патшайымымын. Менің сендерге,яғни «Құлыншақ» тобына тапсырмаларым бар. Сендердің білімдеріңді, ой ұшқырлықтарыңды білейін деп тапсырмаларымды күлдіргеннен беріп жібердім. Мен сендердің болашақ математика жұлдыздары болатындарыңа сенімдімін. Егер менің тапсырмаларымды орындасаңдар мен сендерге математика әлемінің кішкентай жұлдыздары деген марапат беремін. Сендерге сәттілік тілеймін!

-Міне, балалар пішіндер Патшайымы осылай хат жолдапты бізге. Олай болса тапсырмаларды орындаймызба?

Балалар: -Иә.

Тәрбиеші: -Күлдірген біздің балалар білімді және ақылды. Сен бізбен бірге отырып балалардың біліміне куә бол.

Тәрбиеші: Олай болса сиқырлы сандықшаның бірінші тапсырмасын ашып көрейік.

1-тапсырма: «1-ден 5-ке дейін тура және кері санау?»

1 2 3 4 5

Балалар тапсырманы орындайды.

Жарайсыңдар, балалар!

2-тапсырма: « Қай пішінге ұқсайды?»

Балалар тапсырманы орындайды.

3-тапсырма: «Ұзын және қысқа» «Күн сәулесін жина?»

Балалар тапсырманы орындайды.

Сергіту сәті:

Бір,екі,үш

Бойға жина күш

Оңға бір бұрылып

Солға бір бұрылып

Біз тынығып аламыз

4-тапсырма: «Кеңістікті бағдарлау»

Сұрақ-жауап

Балалар сұраққа жауап беру арқылы тапсырманы орындайды.

5-тапсырма:Дидактикалық ойын. Балалар пішіндер Патшайымының төртінші тапсырмасы ойын екен.

Ойынның аты «Түсін анықта»

Мақсаты: Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.

Қорытынды: Сандықшаның түбінен пішіндер Патшайымының марапаты алынып балаларға таратылады.

-Балалар біздің бүгінгі оқу қызметімізге кім тапсырма беріп жіберіпті?

-Тапсырманы бізге кім әкелді?

-Қандай тапсырмалар орындадық?

-Пішіндер Патшайымының тапсырмалары, ойыны ұнадыма?

* * * * *

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ТИЛЕУКУЛОВА АЙНАГУЛЬ КУБЕКБАЕВНА

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Кетебай ауылы

«Балдәурен» бөбекжай балабақша тәрбиешісі

Бүгінгі бөбек – ертеңгі азамат – қоғам иесі. Балғын бөбектерге ең алғаш жол көрсетуші, бағыт беруші – балабақша тәрбиешілері. Өйткені білім мен тәрбие негізі баланың жеке басын қалыптастыру негізі балабақшада қаланады.

Мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарында балалардың ой-өрісін, логикасын, тілін дамытуда, белгілі бір затты қабылдауын, есте сақтауын, оны қайта жаңғыртып көзге елестетуін, дүниетанымын дамытуда қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудың маңызы ерекше. Балаларда бар түсініктер өздігінен ұғымдарға айнала алмайды. Ұғымдарды және оларды қолдануға негізделген ойлаудың логикалық формаларын балалар ғылыми білімдерге негіздеу барысында меңгереді. Демек, мектепке дейінгі балалардың ақыл-ой қызметінің дамуы, логикалық ойлаудың дамуы қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында жүзеге асырылады.

Балаларды мектепке дайындауда математиканы оқыту тек сандық және кеңістік, уақыт жайлы түсінік қалыптастырып қана қоймайды, сонымен бірге олардың ойлау үдерісін дамытуға (анализ, синтез, индукция, дедукция) ықпал етеді. Арнайы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде баланың танымдық қызығушылығымен бірге жалпы даму қамтамасыз етіледі, яғни оқытудың дамытушылық қызметі жүзеге асырылып, баланың тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік ашылады.

Балаларға қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында оқытудың дамытушылық қызметіндегі бірқатар талаптар мен шарттар орындалуы қажет.

Біріншіден, дамытушы орта қажет, ол үшін мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтай отырып, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталуы шарт. Балалардың танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу үрдісі болып саналады. Ойлауға үйрететін сабақтар дамыта оқыту сабақтары деп есептеледі. Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасайды.

Педагог бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Екіншіден, соңғы жылдары бастауыш сынып пен балабақша арасындағы сабақтастық мәселесі жиі айтылып жүр. Бастауыш сыныпта математиканы оқытудағы қазіргі психологиялық зерттеулер балалар бақшасында да, метепалды даярлықта да математикалық дайындықтың мазмұнын қайта қарауды талап етіп отыр. Бұған дейін көбінесе баланың психологиялық даму мүмкіншілігін ескермегендіктен, қолданылып жүрген көптеген әдіс-тәсілдердің ұтымдылығы аз екені байқалап отыр. Бір ғана заттарды, көрнекіліктерді пайдалану арқылы қарапайым қосу мен азайтуды меңгерумен шектелсе, онда баланы алғашқы математикалық түсінігі кеңімейтіндігі дәлелденген. Олай болса, бұл жерде де біздің зерттеуімізде қарастырылып отырған оқытудың дамытушылық қызметі ескерілмеген деуге болады.

Үшіншіден, қазіргі таңда білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – білім беру, тәрбиелеу, дамыту арқылы жеке тұлға қалыптастыру. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Олай болса, мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсінігін қалыптастыру барысында баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеу, өмірге дайындау мақсатында білім берудің дамытушылық қызметі жүзеге асырылуы қажет. Бағдарлама әр түрлі ұйымдастырылған оқу қызметінің қарым-қатынасының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін: құрастыру, музыкалық тәрбие, бейнелеу өнері, дене шынықтыру. Негізгі міндет дамытушы ойындарды қолдана отырып, балалардың қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру кезінде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ыңғайлы жағдай жасау.

Алған білім мен іскерліктерін жаңа жағдайға лайықтап қолдана білудің өзі – ақ баланың ақыл- ойының дамығандығын игерген білімін саналы түрде түсінгендігінің айғағы, ал білімін іс жүзінде қолданғанда ғана әрі қарай тереңдей түседі.

* * * * *

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАТЫНАС ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫ

ТАЙЛАНОВА ТУМАР КОШМУРАТОВНА

*Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Кетебай ауылы
«Балдәурен» бөбекжай балабақша. Педагог психолог*

Қатынас адамның тіршілік әрекетінің маңызды шарты болып табылады. Қатынас адамзаттың тарихи тәжірибесі болып табылады және байланыс жасау механизмі ретінде ерте заманда пайда болып, адам нәсілінің өміршеңдігімен шарттас екендігін дәлелдеді. Адам ақпаратты қарапайым аңдар тілімен жеткізуден анық сөйлеуге дейінгі даму сатысынан өтті.

Барлық қоғамдық қызмет түрлерінде тіл, байланыс және сауаттылық барлық индивидумдардың негізі болып саналады. Ерте жастағы балалардың қатынас жасау дағдыларын дамытуда мектепке дейінгі білім беру жүйесі маңызды рөл атқарады. 3 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балалардың сенситивті дамуының орасан зор мүмкіндігін ескере отыра, оларды сауатты сөйлеуді дамыту, тіл байлығын кеңейту, көп тілді қарым-қатынас жасау ортасына енгізу қажет. Тілді және сауаттылық дағдыларын меңгеру — күрделі процесс, оның барысында балалар басылым материалдарын қолдануды және түсінуді, сөздерді қалай қолдану керектігін, сөз мағынасы мен құрылымын оқып-үйренеді.

Тілді меңгере отыра, бала идеяларды анық тұжырымдау, басқалармен бөлісу, басқа адамдардың идеялары мен әрекеттеріне жауап беру қабілеттілігін меңгереді. Тілді меңгеретін бала аса күрделі және қуатты жүйені меңгереді. Ауызша сөйлеу, жазбаша тіл және альтернативті құралдар арқылы байланыс жасау қабілеттілігі кең ауқымды әрекеттер үшін маңызды. Танымды, логиканы және дағдыларды дамытуда тіл өмірлік маңызды рөл атқарады. Тіл, сондай-ақ, әлеуметтік құзыреттіліктің дәнекері.

Балалар тілді өз пікірлерін, сезімдерін және басқа да ойларын білдіретін құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар басқа адамдармен қатынас жасап, түсіну және түсіндіру құралы ретінде де қолданулары тиіс.

Ата-аналар, тәрбиеші және оқытушылар кішкентай бала тілін қалыптастыруда және сауаттылығын дамытуда басты рөл атқарады.

Жалпы әдістемелік тәсілдер баланың қажеттілігін бейнелеп, тәжірибе алуына кепілдік береді:

- балаларға тілді тереңдетіп үйретуде қоршаған ортадан алған әсерлерін қолданыңыздар;

- балалардың не туралы айтып жатқанына көңіл бөліп, толығырақ тоқталыңыз;

- дауыс, қатынас, ишара және бет-әлпет мәнерінен тұратын байланыстың мәдени және лингвистикалық түрлерімен қамтамасыз етіңіз;

- егер балаңыз телебағдарлама көргісі келсе, сапалы бағдарлама таңдап алыңыз және баламен бірге қарай отырып, балаға таныс емес сөздердің мағынасын түсіндіріңіз;

- балаға қоршаған ортада жаңа сөздерді естіп, тыңдауға мүмкіндік беріңіз;

- отбасындағы күнделікті өмір жайлы баламен қарым-қатынас жасаңыз;

- баланың отбасында сөйлеген сөзі сауатты болуына жағдай жасаңыз;

- қоршаған ортадағы жағдайлар мен объектілерді суреттеуге сөздер мен сөйлемдерді қолдану үлгілерін дайындаңыз;

- баланың ана тілімен қоса екінші тілді меңгеруін қолдаңыз;

- балалармен күнделікті қарым-қатынасты қолданыңыз;

- сөз бен қимылды байланыстырыңыз;

- тілдердің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыра отырып, әр тілдің құндылықтары туралы түсінік беріңіз;

- балаға отбасындағы қарым-қатынас жасаудың маңыздылығын түсіндіріп, талқылаңыз;

- баланың айтқанын тыңдауға мүмкіндік беріп, баланы тыңдай білуді дамытуға жағдай жасаңыз.

Ортаңғы топтан бастап ойындар мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде сөздегі дауысты және дауыссыз, қатаң және ұяң дыбыстарды түсінікті, бірнеше рет қайталай отырып, балаларға түсінік беру.

Сөйлеу кезінде сөз қосымшаларын анық айту қажет.

Дауысты игеру үлгісін көрсету: сөйлеу қарқынын өзгерту: баяу және жылдам сөйлеу, дауыс ырғағының мәнерлілігіне көңіл бөлу (балалармен әңгімелесуде, диалогта, көркем әдеби шығармалар, өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар оқуда).

Әр балаға дыбыс артикуляциясын және олардың дұрыс айтылуын көрсету. Балаға сөзді түсіндіре және түзете отырып, дұрыс айтуына мүмкіндік беру.

Ортаңғы топтан бастап баламен бірге бір дыбыстан басталатын және аяқталатын сөзді табу (сөз бен дыбыс туралы әңгімелесуде, ойында, мысалы, «Дүкенде», «Сөз ойлап тап» және т.б. ойындарында).

Күнделікті өмірде қоршаған ортадағы түрлі дыбыстарды анықтауға және балаларға айтуды ұсыну. Баламен бірге сөздік ойындар ойнау (мысалы, қоршаған ортадан бір дыбыстан басталатын затты көрсет). Балаларға дыбыстарды қабылдауға, тыңдай білуді дамытуға бағытталған шығармалар оқиды. Ұйқас өлең жолдары мен тақпақтарды тыңдағаннан кейін ұйқас сөздерді ойлап табуға жадайд тудыру.

Қарапайым өлең жолдарын ойлап шығаруға көмектесу.

Ортаңғы топта жаңа сөздермен таныстыруда балалардың назарын сөздің негізгі бөліктеріне аудару.

Балаларға әліпбидегі суреттерді көрсетіп және жұмбақтар шеше отырып, кітаптар оқып беруге болады.

Балалармен сөйлескенде немесе қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейткенде тіл үлгісі ретінде (зат есім, етістік, сын есім, үстеу) әртүрлі сөздіктер қолдану қажет.

Баланы жаңа материалдармен және объектілермен таныстырғанда, аттарын атап, мағынасын түсіндіру қажет.

Қоршаған ортадағы және әдебиет мәтініндегі жаңа сөздерді тыңдауға, оларды бөліп көрсетуге мүмкіндік жасау.

Бала үшін маңызды және түсінікті олардың өмірі жайлы әңгімелерге қатыстыру қажет. Ойында, тұрмыста заттардың (киімдер, ойыншықтар) бөліктерін, сапасы мен қасиеттерін дұрыс атауға және ажыратуға үйрету.

Балаға заттардың сапасы мен қасиетін суреттеуге қажетті сөздер таңдайтын, заттың тобын қолданатын, синоним және антонимдерді білдіретін сөздерді таңдай алатын жағдайларды құру.

«Бұл туралы не айтуға болады?», «Қандай сөз таңдап алуға болады?» сұрақтарына ойланып жауап беруге мүмкіндік беру.

Шығармалар оқу, әңгімелесу барысында жаңа сөздерді түсіндіріп, қызығушылықтарын тудыру. Бала адамдардың көңіл күйі мен жағдайына байланысты сөздерді қолдануына жағдай құру (көңілді, жабырқау, мейірімді адам). Жаңа сөздермен эксперимент жасау үшін жағдайлар жасайды. Бала тілін әзіл-оспақ, ұйқас сөздер, өлең-тақпақтар арқылы байытты отырып, сауатты болуына қол жеткізеді. Бала өз тілінде жануарлардың және олардың төлдерінің атауларын (қой - қойлар, қошақан — қошақандар) білдіретін зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сонымен бірге таныс заттар мен ойыншықтарды барыс септігінде көпше түрде (боталарға, текшелерге) қолдануы үшін ойын жағдайларын құру.

Сөз қосымшаларын дұрыс түсіну және қолдану үшін ойындар өткізу. Мысалы: «Не қайда жатыр (тұр, ілініп тұр)?».

Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін дұрыс пайдалана білуде сөздік ойын ұйымдастыру (Мен жейдені, шалбарды, шұлықты киемін).

Балаларды дұрыс грамматиканы қолдана отырып, жауабы бір немесе бірнеше сөзден тұратын, аяқталған ойды білдіретін сөйлемдер құрастыруға тарту.

Әңгімелесуде, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балаға сұрақ қоя отырып, жауап беру үшін жеткілікті уақыт берген дұрыс, өйткені кейбір балаларға сұрақты түсіну үшін көбірек уақыт қажет.

Өз жауаптарында дұрыс грамматикалық құрылымдар жасап, жаттыға отырып, күн бойында баланы әңгімеге тарту.

Балалардың сөйлеген сөзді тыңдап, түсінуіне және әңгімені қолдап, сұрақтарға жауап беруі мен сұрақ қоюы үшін сөздік материалдар мен ашық, эмоционалды көрнекі ойын жағдайлары мен жаттығуларды қолдану қажет.

Ертегі және таныс әдеби шығармалардан үзінділерді сахналауға, ойыншықтар мен суреттің мазмұны бойынша әңгімелер құрастыруға балаларды қатысуға ынталандыру.

Сөздік ойын түрлері (әзілдер, жұмбақтар) мен күрделі сөйлемдерді түсініп, қолдануға мүмкіндік туғызу.

Білім беру процесіне ойын мен баланы қуантатын элементтер енгізіп, ойнақы, бұрмалап сөйлеуге, жұмбақтар жасыруға, бас қатырғыштар шешуге мүмкіндіктер жасап, пікір-сайыстарға қатысуға, әңгімелесуге, оқиғалар тыңдауға қызықтыру үшін уақыт табу қажет.

Баламен ата-тегі, қоғам және мәдениет туралы жиірек әңгімелесу.

Әңгімелеп отырған оқиға барысына әндер мен өлеңдерді біріктіруді көрсете отыра, баланы да сол оқиғаны әңгімелеп айтуға қатыстыру мүмкіндігін жасау. Балаларды оқиғалар мен жағдайларды сипаттап айту үшін ашық, толық, арнайы сұрақтар қоюға ынталандыру.

Балаларды түрлі ойларды білдіретін әңгімелерге тарту (түсіндірмелі әңгіме, ғылым туралы әңгіме, күнделікті оқиғалар туралы әңгімелер және т.б.). Баланы құрдастары айтқан оқиғаларды тыңдауға ынталандыру.

Ерсектер мен балалардың әңгімелесу үлгісін құру.

Баланың қызығушылығына сәйкес әрекеттерге арнайы уақыт бөлу.

Суретті кітаптар мен ертегілерді қолдану, ол суреттерге сүйене отырып, өзінің бастан кешкендерін әңгімелеп беруін сұрау.

Балаға сөйлем құрастыра білу, сөйлемді аяқтау, қысқа әңгімелер мен ертегілерді мазмұндау біліктерін қолдана отырып, жаңа сөздермен эксперимент жасауға жағдай құру.

Балалардың дұрыс және дұрыс берілмеген жауаптарын қоспағанда, өз бетінше жауап бере алатын ашық, аяқталған сұрақтар қоя білуге ынталандыру.

Ересектердің қойған сұрақтарына баланың берген кез-келген жауаптарын қабылдау.

Күні бойы баламен қарым-қатынас жасай отыра, қызықты да көңілді әңгімеге уақыт бөлу, мәдени және әлеуметтік тілдік орамды қолдана отырып, жаттығу мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету, көрсету және түсіндіру.

Балаларға кітап оқу немесе оқиғаларды әңгімелеу барысында ойыншықтар қолдану немесе көрнекі материалдарды пайдалану қажет.

Бала сөздік және ұйқастырып сөйлеу ойындарынан рақаттануы, таныс ертегілерді сахналауға қатысу ниетін білдіруі, ойыншықтар жайлы шағын оқиғаларды ойлап табуы, таныс адамдар мен балалардың аттарын қолдана отырып, ұйқас өлең жолдарын құрастыруы үшін талпыныс жасау.

Ұнтаспаларға жазылған оқиғалар мен ертегілерді тыңдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету немесе телефонмен «әңгімелесуге» және сөйлесушіні «тыңдауға» ынталандыру үшін ойын жағдайларының үлгілерін құру.

Оқиға немесе ертегі мазмұнын түсінгенін көрсету үшін баладан бір рөлді ойнап беруін сұрау, содан кейін кейіпкерді қалай қабылдағаны жайлы сұхбаттасу.

Баланың топқа хабарлап айтатын «Хабарды жеткіз» түріндегі шығармашылық ойындарын ойластыру. Бала оқиғаны әңгімелеуде немесе ойын білдіруде денесін қолданатын мимикалық ойындарды ойнауына жағдай жасау.

Балаларға оқылатын кітаптың мазмұны мен әңгімеленетін оқиғалардың мазмұнын және тыңдай білу ұзақтығын біртіндеп ұзарта отырып, күнделікті кітап оқыған жөн. Кітап оқу баланы рахат сезіміне бөлеп, кітаптарды қолдана отырып, баламен әрекет жасау, әзілдерін түсіну қажеттігін есте сақтаған жөн.

* * * * *

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – КЕШЕНДІ ПРОЦЕСС

ТРУМБЕТОВА ЛЯЗАТ ДУСИПОВНА

Ақтөбе қаласы, КММ «Елек орта мектебі»

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші

Көптеген уақыттар желісінде «технология» түсінігі педагогикалық ұғымдар қорынан тыс қалып келді. Шынайы мәні («шеберлік жөніндегі ілім») педагогикалық міндеттерге: педагогикалық процесті сипаттау, түсіндіру, жобалауға сай келсе де, ол технократиялық тіл элементі ретінде қарастырылды.

Педагогикалық әдебиеттерде қандай да педагогикалық технологиялар сипатын айқындаушы көптеген терминдер ұшырасады, мысалы: оқу-үйрену, тәрбиелеу, оқыту технологиялары, білімдендіру және дәстүрлі технологиялар, бағдарламаластырылған және проблемді оқу технологиялары, авторлық технология және т.б.

Алғашқы педагогтар «педагогикалық технология», «оқу-оқыту технологиясы» және «тәрбиелеу технологиясы» ұғымдарының өзіндік мән-мағыналарына назар аудармай келді. Ал бүгінде педагогикалық технология оқу және тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілуіне байланысты орындалатын педагог іс-әрекеттерінің бірізді жүйесі ретінде танылуда. Осыдан «педагогикалық технология» мәні «оқу технологиясы», «тәрбие технологиясы» ұғымдары мәндерімен салыстырғанда тереңдеу де ауқымдылау. Педагогикалық технология педагогикалық үрдіске қатысушылардың барлық көрінісінде белсенді іс-әрекетін көздейтін, белгіленген қасиеттері бар өнімді алуға мүмкіндік жасайтын үрдістер мен әдістердің бірізділігі мен жиынтығы ретінде қарастырылады.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы.

Педагогикалық технология кешенді процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі - теориялық негізде орындалуы (В.Б.Беспалько, В.В.Данилов, В.К.Дьяченко және т.б.) екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н.Ильин, С.Н.Лысенкова, В.Ф.Шаталов және т.б.).

Сонымен, технология астарында не жатыр? Оқу технологиясы жөніндегі идея қай заманда пайда болған?

Мұндай ғылымдық мәні бар ой жаңа емес. Кезінде оны Я.А.Коменский де дәріптеген. Ұлы педагог 17 ғасырда-ақ оқудың «техникалық» (яғни «технологиялық») болатынын уағыздап, оның мүлтіксіз тиімді нәтиже беретін жолдарын іздестіріп бақты. Я.А.Коменский еңбектеріне үңіле түссек, педагогикалық технологияға бастау берген даналық пікірлерді табамыз: «Дидактикалық машина үшін қажет нәрсе

- 1) түбегейлі ойластырылған мақсаттарды;
- 2) сол мақсаттарға жетуге дәл икемделген жабдықтарды;
- 3) мақсаттың орындалмауына мүмкіндік бермейтін нақты жабдықтарды қолданудың мызғымас ережелерін табуымыз керек»

Я.А.Коменский заманынан бастап, оқудың мүлтіксіз әрекеттегі механизмге сәйкестендіру ұмтылысының талайы күні бүгінге дейін басылған емес.

Кейін оқу технологиясы жөніндегі көптеген тұжырымдар толықтырылып, нақтыланып отырды. Әсіресе, техникалық прогрестің әрқилы теориялық және практикалық қызметтер аймағына енуімен оқуды технологизациялау идеясы нығайып, іске асырыла бастады (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина, Ю.К. Бабанский және т.б.).

Оқыту технологиясы - оқыту үрдісінде алдын ала жоспарланған, оқытудың диагностикалы қойылған мақсатына практикада жүйелілік және бірізділікпен жету құралдары.

Оқу технологиясының топтастырылуы, сонымен бірге, нақты кезеңде басым болған мақсаттар мен міндеттерге, оқуды ұйымдастыру формасының қолданылуына, дәл кезеңде қажет болған әдістерге және басқа да негіздемелерге тәуелді келеді.

Оқу технологиясын оқу әдістемесінен ажырата білген жөн. Олардың бір-бірінен айырмасы – оқу технологиясын қайталап, көбейте таратуға болады. Қай жағдайда да технология өзіне сай түзілген оқу процесінің жоғары сапасына және педагогикалық міндеттердің табысты шешілуіне кепіл бола алады. Ал әдістеменің соңғы тиімді нәтижеге жете алуы жиі кездеседі. Сонымен бірге, әдістеме технологиялық деңгейге дейін көтерілуі мүмкін. Мысалы, жаңа материалды түсіндірудің белгілі әдістемесі бар. Егер ол әдістеме шынайылық, сенім, сәйкестік талаптарына орайласса, оны технология деп тануға болады.

Оқу технологиясы педагогикалық шеберлікпен өзара байланысты. Оқу технологиясын жете білудің өзі - шеберлік. Бір технологияны әрбір оқытушы жеке іске асырып отыруы мүмкін, ал осы іске асырудағы технологиялық ерекшеліктерден мұғалімнің оқу шеберлігі көрінеді.

Педагогикалық іс-әрекет саласында "технология" деген идеяға негізделген және ол оқытуда техникалық жабдықтарды қолданумен байланысты. Бұл бағытты бірқатар бұрынғы кеңестік үкіметтің аймағындағы ғалымдар (В.П.Беспалько, П.И.Пидкасистый және т.б.) қолдаған. Білім беру саласындағы педагогикалық технологияның басқа бағыттары оқу материалын талдау техникасын, мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды іздестіруде. Осымен қатар педагогикалық технология ұстаздар мен оқушылардың аз ғана күш жұмсап ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған.

Әдіс кең мағынада, субъект әрекетінің кез-келген формадағы тәсілі, бір жолға жетудің жолы. Оқыту әдістері педагогикада педагогикалық үрдіске қатысушылардың бірлескен әрекетін ұйымдастырудың тәсілі ретінде анықталады.

Әдістеме ұғымы адамның әрекетіне қаттысыз тәрбиелеу мен оқытудың әдістері мен тәсілдерінің кешенін пайдалану тәртібін білдіреді.

Оқыту әдістемесі - пәнді оқытудың ғылыми дәлелденген әдістер, ережелер, тәсілдер жүйесі және оқыту теориясын қолдану болып табылады.

Теориялар, әдістер мен әдістемелер, оқыту технологиясының айырмашылығы оқыту үрдісінің барлық байланыстарын ұйымдастырушылықпен реттеуді, оның кезеңдерін құрастыруды, білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асыру жағдайларын бөліп көрсетуді талап етеді.

Шындығында педагогикалық технологияны жасаушылардың назары педагогикалық еңбектің жеке құбылыстар саласына бағытталған. Білім беру технологияларының басым көпшілігі негізінен оқушылардың белгілі бір жиынтығын меңгеруге бағытталған. Концепция жасаушылардың «ұстаздар - оқушылар» жүйесінің ерекшеліктерімен ұстаз еңбегінің технологиясының өзгешеліктері арасындағы өзара байланыстардың түрленген түрлерін көрсетудің басылмауы олардың ең осал жері. «Технология» деген термин гректің түп тамыры - өнер, шеберлік, кәсіп және ғылым, білім деген сөздерінен шыққан.

В.П.Беспалько педагогикалық технологияны қойылған білім беру мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәрбиелеу мен оқытудың теориялық негізделген процестерін жаңадан өндірудің, еске түсірудің құралдар мен әдістер жиынтығы ретінде анықтайды.

В.М.Монахов педагогикалық технология – мұғалім мен оқушы үшін жағымды жағдайды қамтамасыз ететін оқу үрдісін жобалау, ұйымдастыру және өткізуде барлық бөлшегіне дейін ойластырылған бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің үлгісі. Технологияның міндеттерін түсіндіре отырып: педагогикалық технологиялық жобалаудағы жетекші қағидасы-оқушының жеке белсенділігі, мұнда ең бастысы - білімді меңгеруге іштей қалыптасқан қызығушылығы мен ынтасы, білім алу іскерлігі – деп жазады.

Г.М.Құсайыновтың есебінше педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа – ол мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жету мен сабақ беру үрдісі емес, ол кәсіби ұстаздың басшылығымен оқушылардың өзінің және өзара оқыту процесі, ол білім берудің мазмұнымен оқу жоспарымен бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір салаларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады.

В.А.Сластенин бойынша педагогикалық технология деген ол қатал ғылыми жоспарлау және дәлірек айтқанда педагогикалық әрекеттің жетістігін қамтамасыз ететін елестету.

Технология - бұл іс-әрекетті ұйымдастыру және оны жүзеге асыруда құралдарды таңдау ережесі. В.В.Гузев қазіргі кезеңдегі технологияның бұрынғыдан айырмашылығын көрсете отырып, былай деп жазады: «Бұрын бір құралды құрастырып, оны ұқсас жағдайларда бірнеше жылдар бойы қолдануға болатын. Қазір ұқсас жағдайлардың бар екенінің өзі қарама-қайшы келеді.»

* * * * *

КАЙБОЛДИНА АНАРГУЛЬ МУСАБЕКОВНА

Ақтөбе облысы, Темір ауданы № 2 Шұбарқұдық ЖОББ мектебі

Биология пәні мұғалімі

* * * * *

Класс/ мерзімі Grade /Date:	8
Сабақтың тақырыбы	THE STRUCTURE AND FUNCTIONS OF SKIN
Оқу мақсаттары: Learning objectives	8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау
Сабақтың мақсаттары	Терінің құрылысы мен атқаратын қызметі арасындағы байланысты анықтау Терінің бөліп шығарудағы маңызын сипаттау
Бағалау критерийлері	Терінің құрылысын біледі; Терінің қызметтерін түсінеді; Терінің бөліп шығарудағы маңызын бағалайды
Тілдік мақсаттар: Language objectives	(терминдерді 3 тілде дәптерлеріне жазады) Оқушылар: Терінің құрылысы мен құрамбөліктерінің атқаратын қызметтерін тиісті терминологияны пайдалана отырып ауызша жазбаша сипаттай алады.

		Пәнге қатысты лексика мен терминология: тері, эпидермис, дерма, май безі, тер безі, нағыз тері, шелмай, өсуші қабат, мүйізді қабат, қорғаныш, термореттелу.		
	Сабақтың әдісі	топтық жұмыс, жұптық жұмыс, сұрақ-жауап		
	Күтілетін нәтиже	Оқушылардың тері туралы білімдері кеңейеді. Оқушылардың сөйлеу, есте сақтау қабілеттері дамиды. Биология пәніне деген қызығушылығын арттырады.		
	Пәнаралық байланыс: Inter subjects connection	Ағылшын пәнімен - терминдерді, Химия пәнімен – бездерден бөлінген биологиялық заттардың ағзаға әсері, физикамен – серпімділік , жылу ұғымдары арқылы, географиямен-климаттық белдеулерге тірі ағзалардың бейімделу жолдары туралы түсініктер арқылы байланысады.		
Уақыты	Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығулар		
		Мұғалім іс-әрекеті:	Оқушы іс - әрекеті	Ресурстар
7 мин	I. Сабақтың басы: 1. Ұйымдастыру кезеңі. 2. Топқа бөліну әдісі, білімдерін жинақтау (үй тапсырмасын а шолу жаңа тақырыпты ашу) Үй тапсырмасы	Good mornign, children! How are you today? I am fine, think you! Sit down please. Who is on duty today stand up please? Who is absent today? Sit down please. I wont divide four groups Come here and take this cards 1-group 2-group 3-group 4-group Each groups shout choose a group leder What did we learn on the previous lesson? Who is ready for the lesson? Hands up! Look at the boord. I will chek your homrwork with some qestions and you will answer. 1. Зэр шығару мүшелерін ата 2. Бүйрек қабаттары қандай? 3. Бүйректің функциялық бірлігі қалай аталады? 4. Тәулігіне шамамаен қанша литр екінші реттік зэр түзіледі? 5. «Бүйрек» in English?	Оқушылар 4 топқа бөлінеді. Оқушылар сұраққа жауап береді	Оқулық Мәтін

	Қызығушылықты ояту	<p>6. «Қажетсіз» in English? Look at the board. I give you question and you will answer. Сұрақ: What change can you see in person when in summer's day is hot and in winter's day is cold? Оқушылардың жауаптары тыңдалып, жаңа сабақтың сабақтың тақырыбы ашылады. Today our them is “The structure and functions of skin” From the lesson you will: understand the structure and functions of skin. Open your text books and copybooks, write the date and the them on the board.</p>		
25 мин	<p>II. Сабақтың ортасы Терминология</p> <p>(Мағынаны тану, мәтінмен жұмыс)</p> <p>Group I тапсырмасы</p> <p>Group II тапсырмасы</p> <p>Group III тапсырмасы</p> <p>Group IV</p>	<p>Оқушыларға жаңа терминдерді үйрету. Lets start our lesson with new words. I will read new words and you repeat after me.</p> <p>Epidermis- OUTERMOST layer of the skin Dermis – thick layer of skin under epidermis Hypodermis- the deepest of the skin which contains fat cells.</p> <p>Let`s watch video about our skin. (теріге байланысты видео көрсетіледі)</p> <p>«The structure and functions of skin» тақырыбында мәтіндер таратылып, постер жасатамын. 1-мәтін: Терінің құрылымын ата. Дескрипторлар: Тері қабаттарын атайды Тері қабаттарын біледі</p> <p>2-мәтін: Терінің қандай қызметтері бар? Дескриптор: Терінің қызметтерін біледі. 3-мәтін: Теріде қандай заттар өндіріледі?</p>	<p>Оқушылар жаңа сөздердің транскрипциясын және аудармасын жазады. Мұғаліммен бірге 2-3 рет дауыстап қайталайды. (терминдерді 3 тілде дәптерлеріне жазады)</p> <p>« The structure and functions of skin » тақырыбында өз ойларын топта зерттеп, талқылап, ортақ бір шешімге келіп, постер жасайды. Жасаған жұмыстарын</p>	<p>Жаңа сөздер таблицасы</p> <p>А-3 және А-4 форматтағы қағаз, түрлі түсті маркер, оқулық, мәтін, оқушы дәптері.</p>

	тапсырмасы Activity	Дескриптор: Теріде жасалынатын заттарды атайды 4-мәтін: «Төбе шашы тік тұрды», «Денем тітіркеніп кетті» деген сөзде қандай талшықтар туралы айтылған? Олар қандай қабатта орналасқан? Дескрипторлар: Нақыл сөзді түсіндіреді. Тері қабатын анықтайды	қорғайды. Оқушылар тәжірибе жасайды	
4 мин	Сабақтың соңы	Did you understand today's lesson? Ok, now I have you some special question for you! Why do people living in hot climate have darker skin? Why epidermis does not need blood supply? What do kidneys and the skin have in common? Interesting facts	Оқушылар өз пікірлерін білдіру арқылы сабақты пысықтайды.	Оқулық
2 мин	Кері байланыс Feedback	Топтық бағалау жүргіземін. <i>...Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз!</i>	Топтық бағалау жүргізеді. Сабақтан алған білімдерін бағалайды.	Бағалау парақшасы стикерлер
1 мин	Бағалау		Балл қою арқылы топты бағалайды	Күнделік
1 мин	Үйге тапсырма беру (Homework)	«The structure and functions of skin» тақырыбын оқулықтан оқу. Research time Have you understood the task?	Тақырып бойынша жұмысты орындайды.	Оқушы дәптері, English book
	Дифференциалды оқыту – Көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай	Оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау жылдамдығы әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан ақпаратты толық оқып үлгермеген оқушылар, басқа оқушылардан көмек сұрайды. Қабілеті жоғары оқушыларға қосымша ақпараттар табу ұсынылмайды Баяу жұмыс жасайтын оқушыларға қосымша, бағыттаушы		

міндеттер қоюды жоспарлайсыз?	сұрақтар қою арқылы көмек көрсетіледі. Оқушыларға мұғалім тарапынан көмек көрсетіледі. Саралау қосымша тапсырмалар сұрақтары арқылы іске асырылады. Қосымша ақпарат ұсыну арқылы (13-слайд) Кейбір оқушылар онлайн тапсырмаларды орындайды.
Бағалау – оқушылардың берілген материалды меңгеру деңгейін қалай тексересіз?	Ауызша жазбаша жауаптары арқылы Қалыптастырушы бағалау және қосымша тапсырмаларды орындаулары арқылы Кластер құрулары арқылы
Денсаулықты сақтау және қауіпсіздік ережелері	Сабақ барысында биология кабинетіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау. Психологиялық ақуалдың жағымды болуына назар аударылады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ДАМЫҒАН МҰҒАЛІМ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

КЕҢЕСОВА ЛӘЗЗАТ АЛМАСҚЫЗЫ

*Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде
бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы
«мектеп-интернат-колледж» кешені КММ. Тәрбиеші*

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім үшін білім мазмұнын, әр оқушының өзіндік ерекшелігін, оқушылар ұжымының артықшылықтарын, соған сәйкес оқуды ұйымдастырудың формалары мен тактикалары жайлы ақпараттарды есінде ұстау қажет. Сонымен қатар оларды дер кезінде еске түсіріп қажетіне жарата алу оның басты құндылықтарының бірі болып табылады.

Кез келген жаңалық ең алдымен адамның қиялында пайда болатындықтан шығармашылық әлеуеттің құрамдас бөлігінің бірі – фантазия. Бұған дейін белгілі фактілерге қатысты жаңа көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Сондықтан оның көркемдік және ғылыми-танымдық құндылығы орасан зор. Қиялдаудан туындаған шығармашылық белсенділік едәуір шамада ішкі ниеттерге, жекелей дарындылыққа және адамның қызметі үрдісінде қалыптасатын даралық тәжірибесіне байланысты. Фантазия арқылы адамның есінде сақталған қабылдау, елес бейнелері қайтадан өңделіп, сұрыпталып, жаңартылып, солардың негізінде мида жаңа бейнелер жасалады.

Фантазия-педагогикалық актінің құрамдас бөлігі. Ол жаңа жоспарлар, бағдарламалар, технологиялар, т.б. жасауда, оны жүзеге асыруда іске қосылады. Нәтиженің қолдай болатынын болжау, бұрынғы елес-бейнелерді өзгертіп бір-біріне қосып, қайтадан бейнелеу арқылы, оқытуда жаңа жолдар табуға көмектеседі. Фантазия арқылы көрнекті ақын, педагог, психолог Мағжан Жұмабаев «Мылқау өмірге үн, сақау өмірге тіл беретін», жоқты бар, ар барды гүлді, көрікті қылатын, бізді асыға аяқ бастырып тәңірмен тілдестіретін сол фантазия» - деген.

Шығармашылық әрекет жоғары әлеуметтік қажеттіліктерден туатындықтан оның нәтижесіне қарай қанағаттану немесе қанағаттанбау реакцияларын бастан өткізеді.

Бұл эмоциямен тығыз байланысты. Эмоция – толғану, сезім, көңіл-күй деген мағына береді. Эмоцияның жоғары түрі адамның іс-әрекетінің өнімді болуына мүмкіндік туғызады. Эмоциясыз, сезімсіз ізденушілік болмайды.

Жақсылық ашу өздігінен келе салмайды, оған алдын-ала жасалған қажырлы еңбек құлшындырады десек, дәл сол сәтті шабытты шақ деп сипаттауға болады.

Шабыт – адамның рухани күштерінің ширығып өрлеуі, шығармашылық толғанысы. Шабыт жаңа туындының пайда болуына, бастайды.

Ол адамның жоғары белсенділігінен, әрекеттің өнімділігімен, шығармашылықтың шаттығын сезінумен «құштарлық» пен эмоциялық ойға шолумен ұштасады. Шығармашылық үрдістің санадан тыс тәрізді болып көрінуі шығармашылықтың өзінің барынша саналығының нәтижесі, сананың ерекше айқындылығының, ойлар мен бейнелердің өзінше бір үлгіде лықси келіп, айшықтана көрінуінің, естің, зейіннің, идеяны орындауға бағытталған құлшыныс пен ерік-жігердің жемісі.

Шабытты шақтарында адам бойындағы бар күш жігермен әрекет етеді.

Шығармашылық әлеует ұғымының құрамалары ретіндегі адамның тұлғалық сапаларының: еркіндік, шешімділік, тәуекелшілдік, тапқырлық, өнертапқыштықтың алатын орны ерекше. Адамның еркіндігі өмірдегі, кәсіби әрекеттегі мәдени әлемдегі өз орнын анықтай алу қабілетінде жатыр. Оның ойлау, пайымдау және әрекеттену еркіндігі жеке кәсіби жауапкершілікті сезінумен сәтті байланысады. Рухани және материалдық құндылықтар әлемінде еркін бағдарлай алу, педагогикалық догмалардан еркін тұлға ғана тәуекелді талап ететін шешімдерді өз мойнына ала алады. Еркін адам өзінің өмірлік позициясы, ұстанымы болғандықтан өзгелерді қайталамай, жаңаша тың жолдармен жүреді. Дәл осы сапа шығармашыл мұғалім үшін аса маңызды.

Шешімділік – адамның өз бетімен жауапты шешімдер қабылдауға және іс-әрекетке оларды бұлжытпай жүзеге асыруға қабілеттілігі. Әрекет белгілі бір шамада тәуекелге барудың және бірнеше баламадан біреуін таңдаудың қажеттілігін туындатады. Осы кезде шешімділіктің маңызы зор. Сол қабылданған шешім үшін жауапкершілікті өзіне батыл алуды, іс-қимылдың дер кезінде болуын оны тез орындай білуді білдіреді. Шығармашылық әлеует-шығармашылық әрекетке негіз бола отырып, шешімді әрекеттің орын алуын қамтамасыз етеді.

Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің құрамына оның кәсіби мәнді сапаларын жатқыза отырып, олардың бастылары ретінде: шеберлік, импровизация мен интуицияны атап өтеміз.

Шығармашыл тұлғаның ерекше қасиеттерінің қатарына педагогикалық импровизация жасай алуы жатады. Педагогикалық импровизация дегеніміз-мұғалімнің алдын-ала жоспарланбаған тосыннан пайда болған педагогикалық мәселені шешу үшін өзінің білік, дағдысы мен іскерлігін шығармашылықпен іске қосуы.

* * * * *

ӨЗАРА ҮНТҮЙМАҚТАСТЫҚ, ІЗГІЛІКТІЛІК, МЕЙІРІМДІ АДАМГЕРШІЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ

ТОГУЗОВА ЖАНГУЛ КАЙДАРОВНА

*Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде
бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы
"мектеп-интернат-колледж" кешені КММ. Тәрбиеші*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттың және жалпы адамзаттың құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеоқұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

XXI ғасыр оқыту үдерісіне компьютерлік технологияны пайдаланумен қатар елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да заңды үрдістегі өзгерістер білім жүйесіне сол өзгерістер негізінде дамытуды талап етіп отыр. Атап айтқанда, виртуалды кеңістік, аутентті виртуалды интерактивті тілдік орта болып табылатын Интернетке ену аталған компетенцияны дамытудың тиімді құралы ретінде арастырылады.

Оқытудың ақпараттық технологиялары осы ақпараттық білім жүйесінің шегінде жүзеге асырылатын болғандықтан, осы білім технологиясына ақпараттық және бағдарламалық қолдаумен көрсететін құралдар бір ғана компьютермен, оған енгізілген бағдарламамен шектеліп қалмауы керек. Шын мәнінде бәрі керісінше, оқытудың ақпараттық технологияларының бағдарламалық құралдары және білім технологияларының өздері ақпараттық білім ортасына – ақпараттық білім жүйесінен бөлінген жүйешелер түрінде қосылады.

Шетел тіліне оқытуда Интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтерге тоқталып өтейін. Мысалы: оқушылар Интернет талаптарында берілетін құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары – конференцияларға қатыса алады. Сонымен бірге белгілі бір уақытта мәтіндік хабарламалар мен алмасуға, радиобағдарламаларды тыңдауға, бейнероликтер көруге, яғни ақпараттың кез келген түрін қолдануына толықтай мүмкіндіктері бар. Ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі интерактивтік іздеу жүйелері мен өз бетімен іздеу, сондай – ақ алынған материалдарды түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салу мен т.б. сол сияқты Интернеттің артықшылық көздері пайдаланылады.

Интернет шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, тіл тасушыны тыңдау, олармен қарым – қатынас жасау табиғи тілдік ортаны қалыптастырады.

Е.С.Полат «Қандай да болмасын оқыту құралы, ақпараттық – тақырыптық ортаның қандай да қасиеттерге ие болғанына қарамастан дидактикалық мәселелер, білім берудің нақты мақсаттарымен шартталған танымдық қызметтің ерекшеліктері бірінші кезекте болып табылады» – деп көрсетті. Демек, Интернет өзінің барлық мүмкіндіктері және қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы болып табылады.

Шет тілін оқытуда заманына сай көрнекі құралдар, аудио материалдар қолдану, мультимедиялық құралдарды пайдалануға үлкен мән беру керек. Сабақ барысында светотехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар, проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану студенттердің өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай студенттердің сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «аудирование» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейне таспаларды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Алынып отырған тапсырмалардың жеңіл-қиындығын ескере отыра, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, диалог және монолог құрастыру сияқты жаттығулар жасалуы қажет. Бейне фильмді көріп отырып, жаңа сөз немесе сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап және әрбір көріністен кейін сұрақтар қойып отырған жөн.

Сабақтың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, нәтижесін тексеріп, бағалау қажет. Сонымен бірге, ғаламдық желінің ақпараттық ресурстарын қолдануда оларды оқу үдерісіне енгізіп, дидактикалық түсініктеме беру арқылы дидактикалық мәселелерді шешуге болады.

а/ күрделі материалды тікелей пайдаланып оқу дағдылары мен біліктерін қалыптастыруға;

ә/ желіден алынған материалдарды мәселелік талқылаудың негізінде монологтық және диалогтық айтылым білігін жетілдіруге;

б/ жеке түрде немесе жазбаша серіктеріне жауап жазу, реферат, шығарма және серіктердің бірлескен қызметінің нәтижесінде ойлау дағдысы мен жазу дағдысын жетілдіруге;

в/ актив пен пассив сөз қорын қоғамның саяси-әлеуметтік құрылысын, мәдениет дамуын білдіретін қазіргі шетел тілі лексикасымен толықтыруға;

г/ түрлі халықаралық қатынас жасау жағдайында тілдік үйретудің ерекшеліктерін, оқытылатын тіл елінің мәдениеті мен дәстүрлерінің ерекшеліктері қамтылған мәдени-танымдық біліммен танысуға;

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа компьютерлік технологияларды тиімді пайдаланудың шетел тілін үйретуде маңызы зор.

Ақпараттық ортаны құруға негізделген білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру мен педагогикалық практикаға жаңа ақпараттық құралдарды енгізу білім жүйесін дамытудағы стратегиялық тапсырма болып саналады.

Қазіргі заманғы компьютерлік бағдарламалар мен Интернет желісінің оқыту тиімділігі өте жоғары. Дегенмен басты мәселе компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз етілген білім ордасында оқытушының оларды пайдалану әдістемесін меңгеруі мен өз тәжірибесінде жүзеге асыра алуы.

* * * * *

РАЗВИТИЕ ВНИМАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

ЕРМУХАНОВА ШАРИФА АБДУЛЛОВНА

Учитель начальных классов.

Актюбинский областной специальный комплекс

«школа - интернат-колледж» для детей с нарушением слуха и зрения

Сегодня проблемы, связанные с развитием внимания у школьников, вызывают беспокойство и у педагогов, и у родителей, и у психологов, работающих с детьми. Многие взрослые жалуются на невнимательность детей, их неумение сосредоточиться, сколь-либо долго удерживать внимание при решении учебных задач. Увеличивается количество детей дошкольного и младшего школьного возраста с так называемым синдромом дефицита внимания, сочетающимся, как правило, с гиперактивностью.

Психология внимания — одна из классических областей психологии.

Ее изучением занимались Н. Н. Ланге, П. Я. Гальперин, Н. Ф. Добрынин и многие другие. В ее арсенале накоплено большое количество способов, позволяющих исследовать и проводить диагностику разных сторон внимания, множество общих рекомендаций и конкретных приемов для активного развития внимания детей разного возраста и взрослых.

Определенная сложность, встающая перед человеком, который хочет разобраться в психологии внимания, состоит в том, что, с одной стороны, ответ на вопрос, что такое внимание, внимательность и невнимательность, на практическом, бытовом уровне знает не только любой взрослый, но и почти каждый ребенок. С другой стороны, внимание — это весьма сложный раздел психологических знаний, который в последнее время привлекает все больший интерес психологов и рождает сложные и неоднозначные теории объяснения.

Проблема внимания нередко рассматривается лишь в связи с другими психическими функциями: памятью, мышлением, воображением, восприятием. Действительно, проявления внимания нельзя увидеть отдельно от них, в чистом виде. Поэтому во многих учебниках психологии внимание и трактуется как своего рода побочная, вспомогательная психическая функция. Однако сегодня оно все чаще начинает рассматриваться учеными едва ли не как главная, принципиально важная для жизни и деятельности человека способность, без которой невозможно как его физическое выживание, так и достижение высот творческой деятельности.

Без внимания как умения активно сосредоточиться на чем-то одном, главном, отбросив все случайное, в данный момент ненужное, жизнь невозможна.

Знание психологии внимания важно для решения многих практических задач, встающих перед педагогом, воспитателем. Оно может быть полезно для:

— решения тактических задач, возникающих в процессе учебной деятельности, на уроке (сфокусировать внимание на определенном объекте, переключить внимание с одного на другое и т. п.);

— выстраивания стратегической программы педагогической, воспитательной работы, включающей в качестве необходимой составляющей деятельность, направленную на развитие внимания учащихся (концентрации, способности к переключению и т. п.);

— организации образовательной среды, в частности ее материальной части: оформление школы, классного кабинета, специфика используемых наглядных пособий;

— развития умения видеть те, связанные с особенностями внимания, проблемы — возрастные и индивидуальные, которые могут лежать в основе трудностей в поведении,

усвоении учебного материала детьми разных возрастов, и делать из этого правильные педагогические и воспитательные выводы;

- организации занятий, направленных на развитие внимания детей;
- ведения грамотной консультативной работы с родителями по разъяснению возрастных особенностей внимания детей, особенностей внимания конкретных детей и организации правильной родительской помощи своему ребенку;
- своевременного выявления детей с синдромом дефицита внимания и обеспечения правильного отношения к таким детям как в школе, так и в семье.

Внимание — это направленность и сосредоточенность нашего сознания на определенном объекте. Объектом внимания может быть все, что угодно, — предметы и их свойства, явления, отношения, действия, мысли, чувства других людей и свой собственный внутренний мир. Внимание не является самостоятельной психической функцией, его нельзя наблюдать само по себе. Это особая форма психической активности человека, и она входит как необходимый компонент во все виды психических процессов.

Внимание — это всегда характеристика какого-то психического процесса: восприятия, когда мы вслушиваемся, рассматриваем, принимаем, пытаемся различить какой-либо зрительный или звуковой образ, запах; мышления, когда мы решаем какую-то задачу; памяти, когда мы что-то определенное вспоминаем или пытаемся запомнить; воображения, когда мы стараемся что-то отчетливо представить себе. Таким образом, внимание — это способность человека выбирать важное для себя и сосредоточивать на нем свое восприятие, мышление, припоминание, воображение и др.

Внимание — необходимое условие качественного выполнения любой деятельности. Оно выполняет функцию контроля и особенно необходимо при обучении, когда человек сталкивается с новыми знаниями, объектами, явлениями.

И у школьника, и у студента, как бы талантливы или способны они ни были, всегда будут пробелы в знаниях, если внимание их недостаточно развито и они часто бывают невнимательными или рассеянными на занятиях. Внимание в значительной мере определяет ход и результаты учебной работы.

Различают внимание внешнее и внутреннее. Внешнее внимание направлено на окружающие предметы и явления, внутреннее — на собственные мысли, чувства и переживания.

Физиологическую основу внимания составляют ориентировочно-исследовательские рефлексy, которые вызываются новыми раздражителями или неожиданными изменениями обстановки. И. П. Павлов назвал их рефлексами «что такое?». Он писал: «Ежеминутно всякий новый раздражитель, падающий на нас, вызывает соответствующее движение с нашей стороны, чтобы лучше, полнее осведомиться относительно этого раздражителя. Мы вглядываемся в появляющийся образ, прислушиваемся к возникшим звукам, усиленно втягиваем коснувшийся нас запах и, если новый предмет поблизости от нас, стараемся осязать его и вообще стремимся охватить или захватить всякое новое явление или предмет... соответствующими органами чувств».

* * * * *

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖӘНЕ ЖАЗУ САУАТТЫЛЫҒЫ

ӘЛЖАНОВА АЙТОЛҚЫН ҚОЖАБАЙҚЫЗЫ

Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде

бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы

"мектеп-интернат-колледж" кешені КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеруі екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді.

Сауаттылық мазмұнының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды. Яғни, «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты ісәрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі.

Функционалдық сауаттылық –тілдік тұлғаның әлеуметтік –қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Сұхбаттық тапсырмалар диалогтан тұрады. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда диалогты таңдауымыздың себебі ол күнделікті өмірде қолданылатын ауызша сөйлеу тілінің ең көп тараған және тілдік қатынастың табиғи түрі. Диалогтың жағдаяттылығы, алдында және артындағы айтылған жалпы ойға байланыстылығы, алдын ала дайындықсыз іске асатын сөйлесім әрекетінің түрі екені ескерілді.

Диалогтік сөйлеуге үйретуде дайындық жаттығулары мен шартты сөйлеу жаттығулары ұсынылады. Мұнда күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдаяттар алынады. Оқушыларға дайын үлгілерді кезекпен бірнеше мәрте оқытып, диалогтің сөздерін қайталатып, рөлге бөліп оқытылады.

Мысалы:

Сен бүгін театрға барасың ба?

Жоқ, бара алмаймын.

Неге?

Ауылдан апам келеді. Сол кісіні күтіп алуға автобекетке барамыз.

Кіммен барасың?

Мен, бауырым мен қарындасым, әкем –тәртеуіміз. - Анаң ше?

Ол үйде апам дастархан жайып, ас мәзірін даярлайды. -Жарайды, жақсы.

Оқушыларды тек жауап беруге, яғни мәліметті хабарлауға ғана үйретпей, қарсы сұрақ қоюға, қайталап сұрауға да үйрету аса маңызды. Диалогтің осындай түрлері де ұсынылды.

Диалогтік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың диалогтік сөйлеудегі қарапайым дағдылары қалыптасып, сұрақ беру, өтініш айту, таңдану, бұйыруды қолдану, бір-бірімен әңгімелесе білу, мәліметтерді нақтылап сұрау, тыңдап отырып қайта сұрақ беру, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білу дағдылары дамып, диалогтік тілді үйретуде соңғы нәтиже болып табылатын әңгімелесе білу біліктіліктері жетіледі.

«Мұражайға саяхат» тақырыбында мынадай тапсырма орындалды.

Тапсырманың мақсаты: оқушылардың көне дүниелермен танысу, білу, құштарлану құзыреттілігін қалыптастыру. Көрген-білгендерін тиянақты түрде мазмұндап жеткізу.

Оқыту әдісі: сұрақ-жауап, қатысым әдістері. Көрген экспонат, мұралардың ішінен қажеттісін екшеп бөліп алып, сол туралы ақпарат беру біліктерін қалыптастыру көзделді. Тапсырма: 1. Қазақстанның мұражайлары жайында ақпараттар іздеп табу. 2. Ақпаратты жазбаша түрде дайындау. 3. Сынып алдында ақпараттың мазмұнын баяндау. Нәтиже: өздеріне қажетті ақпаратты іздеп, табуға жаттығады. Әңгімелеу, жазу, жұмыста жұмыс істеу дағдылары дамиды. Жұмыс кезінде коммуникативтік, мәселелердің шешімін табу құзыреттіліктері тапсырмаларын орындау ұсынылды.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруда қатысымдық әдіс функционалдық сөйлеудің грамматикалық жағы мен лексикалық бірліктерді меңгертудің негізі ретінде алынды. Қатысым әдісі бойынша оқушыларды бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетіне баулу, тілді үйретуді күнделікті өмрде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету ескерілді.

Өйткені кез-келген тақырыптағы тілдесім үдерісі сөйлеу, жазу, оқу, тыңдау әрекеттері арқылы іске асады. Бұл қатысымдық бағытта дайындалған тапсырмалардың мәні оқушыларды ана тілінде қарым-қатынас үдерісіне дайындау, сыныпта қарым-қатынас жасауға жағдай тудыру болып табылады. Қатысымдық әдіс ұсынылған тапсырмалардың бәріне ортақ, әсіресе жағдаяттық, рөлдік ойын, сұхбаттық тапсырмаларда басым болады. Осы әдістің функционалдық сауаттылықпен байланысы жағдаяттық, сұхбаттық тапсырмалардағы тілдесімде ерекше басымдылыққа ие болады. Рөлдік ойын әдісінде 7-12 жастағы балалар қарым-қатынасқа тез түседі де, кез-келген рөлді ынтамен орындайды. Рөлдік ойындар оқушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, дұрыс сөйлеу қабілетін жетілдіруге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді.

* * * * *

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІГІ

КАСЕНОВА ЖАННА НУРДАУЛЕТОВНА

Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде

бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы

"мектеп-интернат-колледж" кешені КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып оқушылары дегеніміз 6-10 жас аралығындағы балалар.

Осы жаста олардың жеке психологиялық, элеуметтік адами қасиеттері қалыптасады және оларға тән өзгешеліктер де пайда болады. Мәселен, біріншіден, олардың материалдық, қарым-қатынастық, эмоционалдық қажеттіктерін отбасы қамтамасыз етеді.

Олар ата-ананың қамқорлығында. Екіншіден, олардың элеуметтік-танымдық қызығушылық құштарлықтарын мектеп қалыптастырады, дамытады. Үшіншіден, ата-ана, мектепке арқа сүйей отырып, сыртқы жағымсыз нәрселерден бастауыш сынып оқушыларын қорғай алады. Себебі ата-ана, мектеп-бастауыш сынып оқушыларының қамқоршылары.

Бастауыш сынып жасындағы баланың элеуметтік мәртебесінің өзгеруі. Кешегі мектеп жасына дейінгі бала-бүгін бастауыш мектеп оқушысы. Мектеп жасына дейінгі бала мектепке келгеннен кейін бұрынғы еркіндіктен айырылады. Оларды мектеп тәртібіне шақырады. Сондықтан бостандықта болып қалған бала тәртіпке көне алмайды. Осыдан барып ересектермен өзара түсініспеушілік пайда болады.

Бастауыш сынып жасындағы баланың өзінің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан қайта құруы. Бастауыш сынып жасындағы бала бұрын ойынмен айналысса, енді оқумен айналысуына тура келеді. Оқу-ойынға қарағанда өте күрделі процесс. Оқуда танымдық, адами қасиеттер күрделене түседі. Сондықтан да іс-әрекетті психологиялық тұрғыдан қайта құруда мына төмендегідей кезеңдерден өтеді:

Біріншіден, мектеп өміріне кірігу.

Екіншіден, мектеп, сынып ұжымдары арқылы қатынастарды реттеу, ересектермен (ұстаздармен) қарым-қатынасты орнату.

Үшіншіден, мектептің ішкі тәртібіне бағыну, қабылдау.

Осы үш кезеңнен сүрінбей өту, ішкі тәртіпті дұрыс қабылдау бастауыш мектеп оқушыларының ұжымға мүше болып кіріп кетуіне мүмкіндік береді. Қысқасы, бастауыш мектеп оқушылары мектеп өміріне үйренуі тиіс.

Дегенмен, мектеп өміріне үйренудің өзіндік қиыншылықтары да бар.

1. Бірінші қиындық. Баланың уақытысында ұйқыдан ояна алмай, мектепке керекті оқу құралдарын мезгілінде жинай алмауы, сабақта тәртіп сақтап тыныш отыру, мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындау, үй тапсырмасын, қоғамдық тапсырманы орындау, т.б. бастауыш сынып оқушыларына қиынға соғады. Бастауыш сынып оқушылары алғашқы күндері осыған көндіге алмайды. Ол оған психологиялық, педагогикалық тұрғыдан дайын емес. Күн тәртібінде көне алмай шатақ шығарып, мектепке барғысы да келмейді.

2. Екінші қиындық. Сыныптағы оқушылармен, ұстазымен қарым-қатынасты үйлестіру. Бастауыш сынып оқушысы үшін алғашқы мұғалім періште, пайғамбардай болып көрінеді. Әсіресе, бірінші, екінші сынып оқушылары үшін ұстаз бәрін білетін адам. Ол бәрінен ақылды, данышпан, тек соған ғана сену керек. Дегенмен кейбір оқуда үлгере алмайтын оқушыға мұғалім ұрысқақ, зәлім, тажал болып көрінуі мүмкін. Сондықтан бастауыш сынып оқытушысы балаларға ұрысқаннан гөрі мейірімді, қамқоршы адам болып көрінгені жөн.

Сонымен бастауыш сынып мұғалімі кей жағдайда оқушыларына екі тұрғыдан көрінеді. Мүмкіндік болғанша мұғалім жағымды жағынан көрінгені абзал. Бала мұғалімнен қорықпауы керек.

Бастауыш сынып оқушыларының тағы бір мәселесі- ол балалардың сыныптағы өзара қатынасы. Бұл жерде де мұғалімнің рөлі ерекше. Себебі бастауыш сыныптағы балалар қатынасын үйлестіретін мұғалім. Бала барлық нәрсеге мұғалімнің көзімен қарайды.

Зерттеуші ғалым-педагогтардың айтуынша бастауыш мектеп оқушыларын үй жұмысын орындауда бірнеше топқа, кезеңдерге бөлуге болады.

Бірінші топ оқушылары үй тапсырмасын көтеріңкі көңілмен, қиналмай орындайды. Мұндай оқушылар тобын романтиктер дейміз. Олардың оқуға деген қызығушылығы бар. Өздерін ересектер санатында ұстайды. Бірақ уақыт өткен сайын сол балалардың кейбіреуі оқудан жалығады, қызығушылығы басылады, үлгерімі төмендей береді. Бірақ сабақты орындау міндет екенін ғана біліп, үй жұмысын орындау тек салтқа айналады.

Екінші топ оқуды, үй жұмысын орындауды салт деп білу. Осылайша балалардың сабаққа деген ынтасына қарай, оларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші – ынтамен оқитындар.

Екінші- жалпы үрдіспен оқу керек, ата-ананы, мұғалімді ренжітпейін деген оймен оқу, яғни өзі үшін емес, біреу үшін.

Үшінші – сабақтан үлгере алмай, артта қалып қойғандар тобы.

Осы үш топтың әрқайсысымен өзіндік жұмыс жүргізу - бастауыш сынып ұстаздары мен ата-аналардың міндеті. Бірінші топтағы оқушыларды қолдап отырса, екінші топтағыны көтермелеп, ал үшінші топтағыны бірде міндеттеп, бірде мақтап, барлық жағдайда қолдау көрсетіп, көмектесіп оқыту керектігін ұстаздар мен ата-аналардың естеріне саламыз.

Бастауыш сыныптың өзінде балаға ұнайтын, ұнамайтын, жақсы көретін, жақсы көрмейтін пәндері бар. Осы орайда айтарымыз мектеп баласына барлық пәндер бірдей ұнай бермейді. Қандай бір үздік оқушы болмасын, оның өте жақсы көретін пәні немесе пәндері болады. Соны ары қарай дамытқан жөн.

Оқуда зорлық болмау керек. Оқуда қажеттілік, білім алуға міндеттілік болуы керек. Бастауыш сынып жасындағы баланың әлеуметтік мәртебесі өзгеріп, ол өзінің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан қайта құрады. Осы орайда ол көптеген қиыншылықтарға тап болады. Сол қиындықтарды шешуге оқытушы, ата-ана болып бірлесіп еңбектеніп, балаға көмектескені абзал. Осы орайда, бастауыш сыныпта жүргізілетін педагогикалық қызметтің негізгі бағыттары мынадай:

Бірінші бағыт - бастауыш сынып оқушыларының алғашқы сенімін қалыптастыру.

Ол – терең тиянақты ойланып айтылған идеялардың жиынтығы. Оны бастауыш сыныпта толық қалыптастыру мүмкін емес. Бірақ соның іргетасын қалауға болады. Оны отбасынан бастаған жөн. Мәселен, ата-ананың өзіне деген сүйіспеншілігі мен өзіне деген сенімі. Осыны әрі қарай дамытып қалыптастыру керек. Бірақ бүгінгі өмірде жағдайдың қиындығына байланысты ересектердің өмірден түңілу, пессимизмге берілуі бастауыш сынып оқушыларының сенімін қалыптастыруға үлгі бола алмайды. Осы жерде мектеп ұстаздарының көмегі қажет.

Бастауыш мектеп балаларының алғашқы сенімін қалыптастыру үшін оларды жеке адам ретінде, олардың әрқайсысын жеке-жеке ажыратып қарастыра білгеніміз жөн.

* * * * *

МНЕМОТЕХНИКА ӘДІСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

НУГУМАНОВА КАЛАМПИР СЕЙЛХАНОВНА

*Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде
бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы
"мектеп-интернат-колледж" кешені КММ. Тәрбиеші*

Бала өмірінің алғашқы айларында есте қалдыру механикалық түрде іске асады. Бұл кезеңде тек қана қозғалыс — ассоциациялық ес байқалады. Ол туралы баланың қозғалысы бойынша түйіндеуге болады. Мысалы, баланы бір біржарым айлық кезінде емізу үшін қолға алғанда, әлі де анасының омырауына аузы тиместен сәби сору қозғалыстарын жасай бастайды.

Шетел психологиясында балалар тек сәбилік кезеңде ғана емес, жалпы 7-8 жасқа дейін есте қалдыру тек қана механикалық, ал логикалық есті үлкендер меңгереді деген көзқарас кең тараған. Бұл көзқарас әр уақытта біз бақылап отырған шындықпен, деректермен толық қарама-қайшылықта екендігін атап өткен жөн. Деректер көрсеткендей, балаларда ойлауы мен тілі бірге дамуымен мағыналық есте сақтау қалыптаса бастайды.

Демек, балалардың мектепке дейінгі кезеңнің алдында және мектепке дейінгі кезеңде тәжірибесі әлі де жеткіліксіз. Осыған байланысты олардың ойлауы да жеткіліксіз дамыған. Сондықтан балаларға көптеген нәрселерді механикалық түрде есте қалдыруға тура келеді. Бірақ балаға жақын, материалды есте қалдыру бұл кезеңде мазмұнды сипатта болады. Мысалы, балалар ертегіні бірнеше рет тыңдай отырып, жеңіл, әрі берік меңгереді, неліктен белгілі кейіпкерлер олай емес, былай әрекет етті деген сұрақтарды жиі қояды. Балалар сөздерді механикалық есте қалдырып ғана қоймайды, олар ертегілердің мағыналық мазмұнын түсіне біледі. Ертегілерді тыңдай және есте қалдыра отырып, әр түрлі сезімдерді бастан кешіреді. Мұнда балалар ертегілерді оның мазмұнын түсіне отырып, есте қалдырады.

Мектеп жасында оқытуға байланысты логикалық есте сақтаудың шеңбері кеңейеді, есте қалдыратын материал көлемі жағынан әр түрлі, тереңдей және күрделене түседі. Төменгі сыныптың шәкірттері кейде мағыналы материалды түсінбей, механикалық түрде есте қалдырады. Жоғары сыныптың шәкірттері мағыналық есте қалдыруды артық санап, өздері саналы түсінеді. Бірақ олар да кей жағдайда механикалық есте қалдыруды пайдаланады. Мысалы, кейде математикалық аксиомалар мен ережелер, физиканың, химия заңдарының дәл атаулары және т.б. есте қалдыру алғашқы кезде еріксіз іске асады. Балаларды олар не қызықтырады, не зейінін аударады, сондай заттар мен құбылыстар есте қалды.

Балалар көп жағдайда үлкендерден ертегілерді бірнеше рет қайталауды талап етеді. Бірнеше қайталанған ертегіні бала есінде берік сақтайды. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту басты міндет болып табылады.

Біріншіден, білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың балалығына бағытталуы шарт.

Екіншіден, тәрбие мекемесінің басшысы мен тәрбиеші педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал ету қажет.

Сондай-ақ, отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыру және білім мен тәрбиенің балаға берілген үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу де өте маңызды.

Үшіншіден, балабақшада еңбек етуге толық жағдай жасалып, тәрбиелеу мен білім берудің технологияларын сауатты меңгеріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп, оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен үлес қосып отырса.

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін дамытудың маңызы ерекше.

Даму үрдісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. 6 жастағы балалар заттарды түсіне, түріне, көлеміне қарап ажырата бастап, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады.

Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл-ой еңбегімен шұғылдандудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды және бұл баланы дүниені тануына кері әсер етуі әбден мүмкін .

Мектеп жасына дейінгі баланың есі негізінен ықтиярсыз сипатта болады. Бұл бала көбіне өзінің алдына бір нәрсені есінде қалдыру үшін саналы мақсаттарды қоймайтындығын көрсетеді. Есте сақтау мен еске түсіру баланың еркі мен санасына байланысты өтеді. Бұл екеуі де іс-әрекет арқылы жүзеге асады әрі іс-әрекеттің сипатына байланысты болады. Бала іс-әрекетте неге зейін қойса, оған не әсер етсе, не қызық болса, соны ғана есінде сақтайды.

Заттарды, картиналарды, сөздерді ықтиярсыз есте сақтаудың сапасы, баланың осыларға қаншалықты әсерлі іс-әрекет істеуіне іс-әрекет процесінде оларды егжей-тегжейлі қабылдау, ойластыру, топтастыру қандай дәрежеде өтетіндігіне байланысты. Мысалы, суреттерді жай ғана қарап шыққанда оларды баланың есінде сақтау анағұрлым нашар балады, ал осы суреттерді, өз орындарына, мысалы, бақшаға, ас үйге, балалар бөлмесіне, қораға дәл келетін жеке заттарды қою ұсынылғанда бала оларды есінде жақсы сақтайды. Ықтиярсыз есте сақтау баланың орындайтын қабылдау және іс-әрекеттерінің жанама қосымша нәтижесі болып табылады.

* * * * *

«ТӘРБИЕШІ — БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ»

ЖАНБОЛАТОВА НАЗИЯ САГИНГАЛИЕВНА

*Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде
бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы
"мектеп-интернат-колледж" кешені КММ. Тәрбиеші*

Мен үшін де осынау өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиешілік. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағаным еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін.

Бау-бақшамыздағы жемістер әрине балаларымыз. Бағбан бау-бақшадағы жемістеріне дұрыс қарамай, баптамаса жемістеріде көркеймей, өркенін жаймайды. Ендеше, бағбан бүлдіршіндерге дұрыс бағыт бағдар беріп, білімін жетілдірсе сонда ғана жемісін береді. Болашақ азаматтарды тәрбиелеу тек қана мектепке дейінгі ұйымдардың қолындағы дүние емес, оған отбасы, қоғам да үлкен үлес қосары хақ.

Балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Себебі, тек қана бала ешнәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып маған сенім артады. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өйткені, мен оларға, олар маған қажетігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы әр тәрбиешінің бақыты.

Бала өмірдің гүлі, отбасы дәнекері, ана ғұмырының жалғасы, ең бастысы, біздің қоғамымыздың алға қарай дамытушы болашағы. Сондықтан да жас ұрпақты заман талабына сай, көздің ғана емес, көңіл қуанышы етіп тәрбиелеу – басты міндет. Педагог К. Д. Ушинскийдің егер педагогика адамды жан жақты тәрбиелегісі келсе, оны жан — жақты білуі керек деген терең мағыналы сөзін жадыма сақтай отырып, білімімді тереңдетіп, ізденуді мақсат еттім.

Кішкене сәбимен сөйлесе білу де – үлкен өнер. Олар бір нәрсені естігені мен көргендерін есте сақтағыш, тез қабылдағыш, мейлінше сенгіш, барынша таза, адал көңілді, білуге, тануға құмартқыш келеді.

Менің педагогикалық ұстанымым балаларды денсаулығы мықты адам етіп қана өсірмей, сонымен қатар кең пейілді, ақылды, жауапкершілігі бар адам етіп тәрбиелеу. Көздері қарақаттай мөлдіреген балалардың менің өткізген оқу қызметіне қызығушылықпен қарап отырғандарын ұқтым.

Тәрбиеші баланы жан тәнімен сүюі керек. Алдымен рухани қуат беруі қажет. Мейірімділік, шыдамдылық, кешіре білу, баламен тең жағдайда сырласу, оның мүмкіндіктеріне сену, ойын әрқашан құлақ қоя тыңдау тәрізді қасиеттері арқылы ғана мен өз мәртебемді көтере аламын. Балаға үнемі қолдау көрсету — менің ізгі ұстанымым.

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танымын. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Ұлы педагог Г.Песталоцци: «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеу құқығың жоқ», деген екен. Бүгінде балаларға мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенімді ешуақытта естен шығармаймын.

Француз ағартушысы, жазушы Жан-Жак Руссо «Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туды, оның үстіне шыймайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең ол солай тәрбиеленеді» деген нақыл сөзі осы балабақша бүлдіршіндеріне арналғандай.

Өзімнің еңбек жолымда әрдайым балалардың тілін, ой-өрісін, тіл байлығын дамыту мақсатында ертегілерден көріністер ұйымдастырамын. Себебі бала рөлде өзі ойнаса сол кейіпкердің бойындағы барлық қасиет дағдыларын ой елегінен өткізіп саралайды. Ақылмен ойланады. Ол үшін тәрбиеші бойындағы асыл қасиет – ақыл-парасат болуы шарт.

Ал сәби жүрегіне қонымды жауап беру үшін, мен күнделікті оқу қызметімді шынайы, жақсы, қызықты өткізуге тырысамын. Әр оқу қызметінің сәтті шығуы бірінші кезекте, әрине, тәрбиешілер қауымына – өзімізге байланысты.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды.

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалдық дамуын стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту, дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді.

Білім – теңіз, оның тереңіне құпиясын ашатындар ғана бойлай алмақ. Ондай адамдарды дайындайтын, білім, тәрбие беретін бала жанының бағбаны – тәрбиеші. Ал ұстаз білімді бала санасына сабақ арқылы жеткізеді. Ол – ұстаздың бір-біріне ұқсамайтын жан-жақты өткізген сабақтары.

Жас ұрпақты рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұның құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі.

* * * * *

МАЗМҰНЫ

- КОЖАМЖАРОВА АҚШАБАК ЖУМАБЕКОВНА
- ТАМЕНОВА БАХЫТЖАМАЛ БЕЙСЕМБАЙҚЫЗЫ
- ОТАУБАЕВ АЛТАЙ МҰХАМЕДИҰЛЫ
- СЕЙТОВА ГАУХАР ТӨЛЕУБАЙҚЫЗЫ
- ЗИНА АЙДАРБЕККЫЗЫ БАҚЫТЖАНОВА
- БАЙМУХАНОВА ЖАНАР АДИЛЬБЕКОВНА
- ҚУАТБАЕВА ҚАРЛЫҒАШ АЛДИЯРҚЫЗЫ
- УЛУКБАНОВА ОРАЗГУЛ КАЛБАЕВНА
- КОШЕНОВА НАГИМА ХУДАЙБЕРГЕНОВНА
- КОПТИЛЕУОВА ЖАМАЛ МЕТЕРОВНА
- АБЫЛОВА ЭЛЬМИРА КУСТАЙЕВНА
- МАКСИМОВА НҰРГУЛ ЖАРЫЛҚАСЫМҚЫЗЫ
- ЖУМАШЕВА ГҮЛЖАН ИГИЛИКОВНА
- ТИЛЕУКУЛОВА АЙНАГУЛЬ КУБЕКБАЕВНА
- ТАЙЛАНОВА ТУМАР КОШМУРАТОВНА
- ТРУМБЕТОВА ЛЯЗАТ ДУСИПОВНА
- КАЙБОЛДИНА АНАРГУЛЬ МУСАБЕКОВНА
- КЕҢЕСОВА ЛӘЗЗАТ АЛМАСҚЫЗЫ
- ТОГУЗОВА ЖАНГУЛ КАЙДАРОВНА
- ЕРМУХАНОВА ШАРИФА АБДУЛЛОВНА
- ӘЛЖАНОВА АЙТОЛҚЫН ҚОЖАБАЙҚЫЗЫ
- КАСЕНОВА ЖАННА НУРДАУЛЕТОВНА
- НУГУМАНОВА КАЛАМПИР СЕЙЛХАНОВНА
- ЖАНБОЛАТОВА НАЗИЯ САГИНГАЛИЕВНА